

#КүшімізБірлікте

Біз халықтың
тілегі мен заман
талабына сай
тиімді мемлекет
құруға міндеттіміз.
Бұл – маңызды
тарихи міндет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БІЛІМ



ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ ӘЛЕМ

9

ЗЕРДЕ



АДАМЗАТТЫҢ АТА ТІЛІ

22

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



АҢЫРАҒАН ЖЕЛІ, АЗЫНАҒАН БОРАНЫ БАР

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

1.12.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жол бойында мұзтайғақ.

Күндіз:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жол бойында мұзтайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

2.12.2022

Түнде:



-7-9 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



0,-2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
тұман, жолдарда көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №142 (6277) 1 желтоқсан, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Alstom» Қазақстанға 50 миллион еуро инвестиция салуға ниетті,
Алматыда компанияның сервистік орталығы ашылады



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Парижде ресми сапармен барған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронмен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді

Мемлекет басшысы бұл сапар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтып, қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеруге зор мүмкіндік беретінін атап өтті. Тараптар екі елдің білім және мәдениет салаларындағы байланыстарын нығайту жөнінде пікір алмасып, халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді және Орталық Азия өңіріндегі жағдайды, Қазақстан мен Франция арасындағы энергетика мен уран саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

2

ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫНЫҢ ШЕШІМІ БАР...



Шаһар басшысы Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен үшінші кездесуін өткізді. Әңгіме ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар жайында өрбіді. Кездесуге 200-ден астам адам қатысты. Аудандағы инженерлік желілерді жаңғырту мәселесі өзекті мәселе болып қала беретініне маңыз берілді. Түрксіб ауданын одан әрі дамыту бойынша қабылданған іс-шаралар мен атқарылып жатқан жұмыстар кеңінен сөз болды. Ерболат Досаев тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ҚЫСҚА...

- Президенттің Францияға сапары аясында отызға жуық келісім жасалды.
- Мемлекет басшысы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Бас хатшысы Матиас Корманмен кездесті.
- Мәжіліс агломерацияларды дамыту туралы заң жобасын мақұлдады.
- Қазақстанда жаңа партия пайда болды.
- Мәжілісте қазақы тазы мен төбет тұқымын сақтап, көбейту туралы заң жобасы мақұлданды.
- БЖЗҚ қазақстандықтарға үндеу жасады.
- Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі белгіленді.
- Димаштың Испаниядағы фан-клубы Әулиеқолдегі мектепке сыйлық жасады.
- Алматыдағы кейбір ескі электр желілерін жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады.
- «Парасат» тұрғын үйі кешені мен Рысқұлов даңғылының қиылысында жерүсті өткелі салынады.
- Сейсмологтар Алматыдан 100 шақырым жерде жер сілкінісін тіркеді.
- Қазақстандық Лаура Әлмағанбетова еркін күрестен Азия чемпионы атанды.
- Алматы зообағына Ереван қаласынан жаңа тұрғын – екі жасар Ақ төсті тұқандар әкелінді. Тоқылдақ тәрізділер класына жататын, түмсығы мүйізге ұқсас бұл құстардың отаны – Оңтүстік Америка ормандары.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

3



● ПРЕЗИДЕНТ

ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



(Басы 1-бетте).

Келіссөз барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық жаңғыру үдерісі жөнінде айтты. Өз кезегінде Эмманюэль Макрон Қазақстан Францияның стратегиялық серіктесі екенін атап өтті.

СЕРІКТЕСТІКТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Екі ел арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Энергетика саласында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Еуропалық Одақ Қазақстандағы түрлі жобаларға инвестиция салып келеді. Сонымен қатар, Эмманюэль Макрон 2024 жылы Қазақстанда француз тілінде оқытатын жаңа мектептер ашылатынын айтты. Франция Президенті Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларға қолдау білдірді.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Франция 2005 жылдан бері Қазақстан экономикасына жалпы көлемі 17 миллиард доллар инвестиция құйып, ең ірі бес инвестор елдің қатарына кірді.
- Соңғы 9 айда екіжақты тауар айналымы 2,5 миллиард долларға жетті.
- Францияның Орталық Азия елдерімен жасаған саудасаттығының 90 пайызы Қазақстанға тиесілі.
- Қазақстанда 170-тен астам француз компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді.
- Экономикамыздың жетекші инвесторлары – Total Energies, Air Liquide, Airbus, Alstom, Orano және Danone компаниялары.
- Екі ел арасында былтырдан бері Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың 2030 жылға дейінгі жол картасы бекітілген.
- 2024 жылы Қазақстанда француз тілінде оқытатын жаңа мектептер ашылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Эмманюэль Макронмен жүргізілген келіссөз Қазақстан мен Франция арасындағы серіктестіктің стратегиялық сипатын растады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, энергетика және көлік-логистика салаларына инвестиция тарту мәселесіне ерекше назар аударылды. Пре-

зидент Франция Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестерінің бірі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Парижге жасаған ресми сапары аясында қол жеткізілген уағдаластықтар екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастыққа тың серпін беретініне сенім білдірді.

50 МИЛЛИОН ЕУРО ИНВЕСТИЦИЯ

Президент ресми сапар аясында Француз халықаралық қатынастар институтының негізін қалаушы әрі басшысы Тьерри де Монбриальмен, Франция Сенатының төрағасы Жерар Ларшемен жүздесті. Францияның атом өнеркәсібі, энергетика, өнеркәсіптік газдарды өндіру, көлік және басқа да салалардағы ірі компанияларының басшыларымен екіжақты кездесулер өткізді. Басқосулар барысында өзекті геосаяси мәселелер мен әлемдегі процестердің даму перспективалары жөнінде пікір алмасылды, атом энергетикасы саласына озық технологияларды енгізу мәселесін талқылады.

Сондай-ақ, екі мемлекет арасындағы парламентаралық байланыстарды нығайтудың маңыздылығы айтылды.

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТАРТЫМДЫ ЖОБАЛАР

Жаңартылатын қуат көздері саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективалары қарастырылды. Президент қазақстандық мамандар атом энергетикасы саласындағы әлемдік жетекші компаниялардың озық технологияларын зерттеп жатқанын жеткізді. Кездесуге қатысқандар Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды жоғары бағалады.

Олар Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін өзара белсенді іс-әрекет жүргізуге дайын екендіктерін жеткізді. Техникалық газ өндіру саласына маманданған Air Liquide компаниясының президенті Франсуа Жаков компанияның Қазақстандағы жобаларының жүзеге асырылу барысы және алдағы жоспары жөнінде мәлімет берді. Ол Air Liquide компаниясы бұған дейін Қазақстанда жалпы инвестиция көлемі 120 миллион еуро болатын бірнеше жобаны жүзеге асырғанын айтты.

Ал «Orano S.A.» компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Клод Имовен Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның Қазақстанда атқарып жатқан жұмысының қазіргі нәтижелері мен алдағы жоспарын таныстырды. Ол КАТСО бірлескен кәсіпорны Қазақстанда бір жылда өндірілетін уранның 15 пайызын және әлемдік өндірістің 7 пайызын өндіретінін мәлімдеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев «Alstom» компаниясы директоры Анри Пулар-Лафаржды қабылдады. Кездесу барысында Мемлекет бас-

шысына компанияның инвестициялық жобалары туралы мәлімет берілді. Аталмыш компания бұл жобаларды жүзеге асыру барысында мыңнан аса жергілікті маманды даярламақ.

ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Францияның жетекші компанияларының басшыларымен кездесуінде Мемлекет басшысы халықаралық қоғамдастық бүгінде күрделі геосаяси және экономикалық мәселелермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, жаңа сын-қатерлер жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Қиын-қыстау кезең – байланыс орнатып, серіктестікті дамыту үшін қолайлы уақыт.

– Біз ортақ экономикалық және саяси мүдделерімізді одан әрі ілгерілету үшін Франциямен және жалпы Еуропамен арадағы қарым-қатынасты жолға қойғымыз келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан еркін және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы нығайтуды көздеп отырғанын атап өтті Президент. Сондай-ақ, монополиядан арылу Қазақстанды қуатты, бәсекеге қабілетті және инвесторларға тартымды етеді деп санайтынын

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Францияның «Alstom» компаниясы жақын арада жылжымалы құрам мен теміржол инфрақұрылымына арналған электровоздар мен жабдықтар шығару, сервистік қызмет көрсету жобаларын іске асыруға 50 миллион еуро инвестиция салуға ниетті.
- Астана, Алматы қалаларында, сондай-ақ Жамбыл және Түркістан облыстарында сервистік орталықтар ашу жоспарланып отыр.
- «Total Energies» директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Патрик Пуянне «Total Energies» компаниясы біздің елімізге 12 млрд доллар инвестиция салғанын айтып, алдағы уақытта да ең ірі инвесторлардың бірі болатынына сенім білдірді.
- Компания қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын салуға ниетті. Нысан 2026-2027 жылдары Қазақстанның оңтүстік-шығысында пайдалануға беріледі. Жобаның болжамды құны – 1,9 миллиард доллар.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- 2022 жылдың алғашқы алты айында шетелдік серіктестер Президент айтқандай, ел экономикасына шамамен, 15 миллиард доллар инвестиция құйған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен, 30 пайызға көп.
- Алдағы 7 жылда 150 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясын тарту жоспарланып отыр.
- Биылғы тоғыз айда Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 12 пайызға өсті.
- Бүгінде 170-тен астам француз компаниясы, соның ішінде Total Energies, Orano, Airbus, Vicat, Air Liquide, Alstom, Saint-Gobain және басқалары Қазақстанда табысты жұмыс істеп жатыр.
- «Қазақстан инвестиция салу жөнінен Орталық Азиядағы ең тартымды ел болуы үшін инвестициялық саясатымызды үнемі жетілдіріп отырамыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

мәлімдеген ол бизнес ахуалды жақсарту үшін заңнамаға одан әрі тиісті өзгертулерді енгізуге дайын екенін жеткізді. «Францияның Қазақстандағы Сауда өкілдігін құру ынтымақтастығымызды нығайтуға өз септігін тигізеді деп санаймын. Біз оның тезірек құрылғанын құптаймыз. Сондай-ақ, француз компанияларын еліміздің инвестициялық мүмкіндіктерін қарастыруға шақырамын. Жиынға қатысушылардың бәріне Қазақстан қауіпсіз және тұрақты инвестициялық орта қалыптастыруға кепілдік беретінін нық сеніммен айта аламын», – деді Мемлекет басшысы.

БОЛАШАҒЫ ЗОР БАҒДАРЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуге қатысушыларға инвестициялық ынтымақтастықтың келешегі мол әрі зор бағыттары туралы егжей-тегжейлі айтты.

– Біз агроөнеркәсіп кешенін дамытып жатырмыз. Оның өндіріс көлемін 2,5 есе ұлғайту және экспортымыздың көлемін екі есе арттыру жоспарланып отыр. Тиісінше, біз ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге салынатын инвестицияны ынталандырамыз және Францияның азық-түлік өндірушілерін осыған байланысты инвестициялық мүмкіндіктерді қарастыруға шақырамыз. Біз осындай жобаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайынбыз. Екіншіден, бұл – ынтымақтастық орнатуға зор әлеуеті бар экономиканың нақты секторы. Біз табиғи ресурстар қоры бойынша әлемде алтыншы және тау-кен өндірісінің жалпы көлемі бойынша (мұнай мен газды қоспағанда) оныншы орындамыз. 2040 жылға қарай аса маңызды материалдар мен сирек кездесетін металдарға деген әлемдік сұраныс төрт есе артады деп болжанып отыр. Үкімет қажетті қолдау көрсетуге дайын. Біз компаниялар өздерінің озық тәжірибелерін, ноу-хауын және жаңа технологияларын әкеледі деп үміттенеміз, – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы энергетика, көлік және логистика, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық перспективаларына тоқталды.

Президент Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық серіктестік барлық салада әртараптанып, кеңейе беретініне сенім білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫНЫҢ ШЕШІМІ БАР...



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖҮРЕДІ

Биыл жыл басынан бері 71,6 км инженерлік желі салынды, жұмыс аяқталған соң 20 мыңнан астам тұрғынға орталық коммуникацияларға қосылуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жыл соңына дейін 3 кәріз сорғы станциясының құрылысы аяқталады. Бұған қоса, сумен жабдықтау бойынша тағы 64,4 км желі құрылысына жобалау-сметалық құжаттамасы алынды. Ауданды тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету үшін «Шуақты» ықшамауданында 5,5 шақырым ескі электр желісі модернизацияланып, оның 95%-ы реконструкциядан өтті.

2023 жылдың басында «Әлмерек» және «Қайрат» ықшамауданында электр желілерін реконструкциялау басталады. «Тұздыбастау» қосалқы станциясы салынуда, бұл жұмыстар 2023 жылдың маусым айында аяқталады деп күтілуде. Қала әкімінің тұрғындармен маусым айындағы кездесуінде Жахангер көшесіндегі 22 үйді электрмен жабдықтау мәселесі көтерілген еді. Қазіргі таңда жаңа электр желісін салу жұмыстары аяқталды. Тұрғындар қалалық желіге қосылған және үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз етілген.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Ауданда жол инфрақұрылымын және қоғамдық көлікті дамыту мәселесі бойынша ұзындығы 9 км 17 көше жөнделді. Жалпы ауданы 20 мың шаршы метр 89 көше ағымдағы жөндеуден өтті, ұзындығы 9 км 11 көшеге тротуарлар салынып, жөнделді.

Сонымен қатар, Б.Хмельницкий көшесінен Талғар трактісіне дейінгі көшені ұзартып салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Аяқталу мерзімі 2023 жылдың соңына дейін. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024-2025 жылдары жүргізілетін болады. Магистралды жолдар арқылы өту ыңғайлы болу үшін Б.Хмельницкий, Е.Бекмаханов, Сүйінбай және Лавренев көшелерінде 11 реттелетін светофор және Сейфуллин даңғылында, Шемякин, Папанин және Жұмабаев көшелерінде 5 светофор іске қосылды.

Осы жылдың соңына дейін жер үстіндегі жаяу жүргіншілер жүретін көпірдегі көтергіш құрылғыларды қалпына келтіру жұмыстары аяқталады.

«Әлмерек», «Нұршашқан» шағынаудандарына және ауданның 23 көшесіне 27 жаңа аялдама конструкциясын орнату жұмыстары аяқталды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Мектептегі орын тапшылығын азайту үшін №59 мектеп-гимназия ғимаратын реконструкциядан өткізіп, 900 орынға көбейту қарастырылған. Келесі жылы аудандағы екі мектепте 1050 орынды қосымша құрылыс басталады.

Медициналық қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету үшін желтоқсан айында «Нұршашқан» ықшамауданында күніне 100 келушіні қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. 2023 жылдың I тоқсанында Айбасов көшесіндегі ауысымына 200 адам қабылдайтын тағы бір дәрігерлік амбулатория салу жоспарланып отыр.

Бұған қоса, қала әкімі Ерболат Досаев ауданның қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз

ету шараларына тоқталды. Жыл соңына дейін 174 мекенжайда 322 бейнебақылау камерасы орнатылады. 2023 жылдың сәуір айында 96 мекенжайда тағы 448 «Сергек» камерасын пайдалануға беру жоспарға енген.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ауданда барлық жоспарланған 28 жоба іске асырылды. Оның ішінде: 14 абаттандыру орны, 10 балалар және спорт алаңдары, 4 контейнерлік алаң бар.

СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР

Қазіргі уақытта ескі ғимаратты күрделі жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттама

әзірленуде, онда 2023 жылы әлеуметтік объектілер орталығын ашып, «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығын, «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубын, «Ардагерлер кеңесін» және «Мүгедектер қоғамын» орналастыру жоспарланған.

Сондай-ақ, 2023 жылдың I тоқсанында «Жас қанат» ықшамауданында бассейні бар екінші дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылады.

2023 жылдың II-тоқсанында «Авиатор» стадионының аумағында (Майлин көшесі бойында) дене шынықтыру-сауықтыру орталығының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді аяқтау жоспарланған.

САУАЛДАР ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Баяндамадан соң Алматы қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ерболат Досаев Түркісіб ауданы тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Алғашқы болып сұрақ қойған қала тұрғыны жол сапасы туралы сұрақ қойды.

— Мен «Қайрат» ықшамауданынан келіп тұрмын. Бізде көпқабатты үйлер салынып жатыр. Солардың жанындағы 17, 18-көшелер адам жүретіндей емес, балшық. Балаларды мектепке апарғанға қолайсыз. Одан кейін КамАЗ-дар жиі жүргендіктен, жолдар ойық. Осы мәселені шешіп берсеңіз.

— Қыста асфальт салуға болмайды, кішкене күте тұрыңыздар. Қазір салсақ, көктемде не жасаған деп айтасыздар ғой. Жол кепкеннен кейін бірден салып береміз. Биыл біздің мердігерлер үлгермей қалды. Келер жылы көктемде толық жасалады, — деді қала әкімі.

«Қайрат» ықшамауданының тағы бір тұрғыны жерүсті өткелін жасауды өтінді.

— Мен «Қайрат» ықшамауданында орналасқан «Парасат» тұрғын үйі кешенінің 2400 тұрғыны атынан келіп отырмын. 3 жылдан бері қарастырылып келе жатқан аспалы көпір туралы сұрағым келеді. Себебі, біз магистралды Рысқұлов көшесінен өтеміз. Жаяу жүргіншілер өткелінен өту үшін 600-700 метр жүріп, одан кейін аялдамаға дейін қайтадан кері жүруге тура келеді. Қазір қыс уақыты, өте қиын. Баласы бар аналарға өте тиімсіз. Осы мәселені қарастыруларыңызды сұраймын.

Айтылған сұраққа Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Ернұр Абжахан жауап берді:

— Шынымен бұл жерде үлкен мәселе бар. Рысқұлов көшесі магистральды көше болып саналады. «Парасат» ТК мен Рысқұлов даңғылының қиылысында жерүсті өткелінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірледік. Өткелді салу келесі жылдың жоспарында. Қазір конкурстық рәсімдер жүргізіліп жатыр. Мердігер ұйым анықталғаннан кейін құрылыс жұмыстары басталады, — деді ол.

Өз кезегімен сұрақ қойған тұрғын жер құжатын рәсімдеуге көмек сұрады.

— «Қайрат» ықшамауданынан 2017 жылы жер сатып алғанмын. Соның құжатын жасаймын деп жүргенде ауырып қалдым, ота жасату керек болды. Сол себептен құжаттарды рәсімдеуге үлгермей қалдым. Ем алғаннан кейін ешқандай қағазым жасалмай отыр, — деді тұрғын.

— Біз заңға өзгеріс енгіздік. Әкімшіліктің қасында арнайы комиссия құрылды. Егер құжаттарыңыз дұрыс болса, үйді комиссия алдына шығара аламыз. Қағаздарыңызды қалдырыңыз, мен тапсырма беремін, — деді әкім.

Келесі тұрғын өз ықшамауданында балабақша салуды өтінді.

— Бізге «Әлмерек» ықшамауданына балабақша керек. Соны қарастыра аласыздар ма? — «Әлмерек» ықшамауданынан біз екі жер телімін сатып алайын деп жатырмыз. Бір жерге емхана, екінші жерге балабақша салынады. Нақты орны анықталған соң, 320 орынды балабақша құрылысын бастаймыз, — деді Ерболат Асқарбекұлы.

P.S.

Қала қонақтарын алғашқы болып қарсы алатын Түркісіб ауданы тұрғындарымен Алматы қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ерболат Досаевтың үшінші кездесуінде көптеген мәселелер көтеріліп, әр сауалға нақты жауап берілді. Аудан аймағындағы қауіпсіздік, әлеуметтік, құжаттамалық және өзге де сұрақтардың шешімі айтылды. Сондай-ақ, қалған сауалдар бойынша басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізетіні белгілі, яғни тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Түркісіб ауданында 20 мың шаршы метр болатын **89 КӨШЕ** жөндеуден өтті.



Аудандағы 174 мекенжайда **322 БЕЙНЕБАҚЫЛАУ** камерасын орнату жұмыстары желтоқсан айының соңына дейін аяқталады.



Түркісіб ауданының 23 көшесіне **27 ЖАҢА АЯЛДАМА** конструкциясын орнату жұмыстары аяқталды.



Келесі жылы аудандағы екі мектепте **1050 ОРЫНДЫ** қосымша құрылыс басталады.



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша ауданда барлық жоспарланған **28 ЖОБА** іске асырылды.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Жастарды арзан жұмыс күші ретінде пайдалану, еңбекақысын уақытында бермеу қоғамда жиі кездеседі. Адал еңбекақысын ала алмай жүрген жігіттің оқиғасы біздің бүгінгі мақаламызға арқау болды.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Көзіқарақты оқырманның барлығы хабардар болар, жақында әлеуметтік желіде тарап кеткен бейнетаспа қоғам арасында резонанс тудырып, жұрттың талқысына түсті. Роликте қызметкер жұмыс берушіге хабарласып, жалақысын сұрағаны, ал жұмыс берушінің агрессивті жауабы таспаланған. Біздің анықтауымыз бойынша бейнетаспадағы «Oligarch» лоундж-бары қызметкерлерді келісім-шартсыз жұмысқа қабылдап, жалақысын талап еткен қызметкерлерге қокан-локи көрсеткен. Осы тұста «Oligarch» лоундж-бар иесінің тарапынан қызметкерді келісім-шартсыз жұмысқа қабылдау және балағаттау бойынша 2 негізде құқық бұзылған.

Мәселенің ақ-қарасын білу үшін екі тараппен де байланысқа шығып көрдік. Екі тарап та аты-жөнін ашық көрсетуден бас тартқанымен, сауалымызды жауапсыз қалдырмады.



Осы мәселені көтеріп, Youtube арнасына жариялаған блогер Сулла Хуфудың айтуынша, «Oligarch» лоундж-бары жұмысқа қабылдау кезінде-ақ құқық бұзғандарын айтады.

— Елнұр басынан еңбек келісім-шартынсыз жұмысқа қабылданды. Бұл жағдайда да жауапкершілік жұмыс берушіде болады. Видеодан байқасаңыздар, Байрам Елнұрға белгілі бір ақшаны өтеуін сұрайды. Егер екі арада келісім-шарт болмаған жағдайда жұмыста бірдеңе жоғалса, сынса жұмыскер жауап бермейді. Барлық жауапкершілікті жұмыс беруші мойнына алу керек. Себебі, заңды түрде рәсімделген құжаттар жоқ. Сондықтан бұл жағдайда жұмыс беруші жауап береді, — дейді блогер.

Қазіргі таңда аталған мәселе бойынша Бостандық ауданы прокуратурасына арыз жазылған. Айта кету керек, прокуратураға бір ғана Елнұр емес, «Oligarch» лоундж-барында жұмыс істеп, жалақысын өндіріп ала алмай жүрген студенттердің барлығы шағым түсірген. Ең сорақысы, «Oligarch» лоундж-бары жалақысына қол жеткізе алмай жүрген студенттердің ешқайсысы еңбек келісім-шартына отырмаған.

Осы мәселе бойынша Бостандық ауданы прокуратурасынан ресми жауап алуға талпынғанбыз. Алайда, ол мүмкін болмады. 5 күн бойы хабарласып, мемлекеттік мекемемен байланыс орната алмадық. Бірде үнсіз дыбыстық сигнал қосылса, енді бірде тұтқаны көтерген адам үнсіз қоя салады. Қоңырауға жауап бермеген соң, мәселені айқындап жазып, «қызметтік хат» жолдадық. Халыққа құқықтық жағынан сауатты пікір білдіретін деген үмітімізді прокуратура қызметкерлері қолдағысы келмеді ме, әйтеуір хатымызды да жауапсыз қалдырды.

Өрі қарай Алматы қаласы Еңбек инспекциясына қоңырау шалып, еңбек келісім-шарты бойынша мәселенің мән-жайын сұрадық. Еңбек инспекциясының жауабы келесідей болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдат АМАНДОСҰЛЫ, заңгер:

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЕҢБЕК КЕЛІСІМ-ШАРТЫН ЖАСАУҒА МІНДЕТТІ

Тақырыпқа тұздық болсын деп, осы тақылеттес мәселелермен айналысып жүрген белгілі заңгер Бағдат Амандосұлымен тілдестік. Заңгердің айтуынша, қызметкерді қабылдау уақытта жұмыс беруші еңбек келісім-шартын жасауы міндетті болып табылады. Еңбек келісім-шарт жасалмаған жағдайда қызметкер жұмыс істеуге жіберілмеуі керек.

— Қазақстан Республикасы «Еңбек туралы» кодексінің 33-бабының 3-тармағы бойынша еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі данада жасалады және оған тараптар қол қояды. Еңбек шартының бір-бір данасы жұмыскер мен жұмыс берушіде сақталады. Дегенмен, адамды жұмысқа жіберу еңбек шартын жасасқаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Жұмыс берушінің кінәсінен еңбек шарты болмаған және (немесе) тиісті түрде рәсімделмеген жағдайда, Мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 86-бабына сәйкес лауазымды адамдарға — отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — алтыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Бұл жағдайда еңбек қатынастары жұмыскер жұмысқа кіріскен күннен бастап туындайды деп есептеледі, — дейді заңгер.

Ал егер еңбек келісім-шарты жасалмай, жұмыс беруші жалақыны төлеуден жалтарса үлкен көлемде айыппұл арқалайды.

— Қазақстан Республикасы «Еңбек туралы» кодексінің 113-бабының 1-тармағына сай жалақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшалай нысанда белгіленеді және келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірілмей айына бір реттен сиретпей төленеді. Жалақы төленетін күн еңбек, ұжымдық шарттарда көзделеді. Жалақы төленетін күн демалыс немесе мереке күндеріне тура келген кезде төлем олардың қарсаңында жүргізіледі. Жұмыс беруші жалақыны толық көлемде және еңбек, ұжымдық шарттарда белгіленген мерзімдерде төлемеген кезде жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдары-

АДАЛ ЕҢБЕК – АҚЫСЫЗ БОЛМАУЫ ТИІС!

«Oligarch» иесі студенттердің жалақысын төлеуден неге жалтарған?



Мына мейрамхана иесі күрд азаматы Байрам есімді жігіт. Ол өз қылығының дұрыс болмағанын мойындап, жалақы мәселесін жақын арада шешетінін, сонымен қатар, еңбек келісім-шартын жасамағаны үшін заң алдында жауап беретінін айтты. — Сабырсыздық танытып, эмоцияға берілгенімді мойындаймын. Бұл мәселеге байланысты видео арқылы да, Елнұрдың өзінен де кешірім сұрадым. Қазіргі таңда қаржы мәселелерін реттеп жатырмыз. Жақын арада бүкіл жалақыны толығымен өтейміз, — дейді Байрам.

МАМАН ПІКІРІ



«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 23-бабы 5-тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақытылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті. Егер, жұмыс берушілер жұмыскерлерге еңбек ақыны толық көлемде немесе уақытылы төлемеген жағдайда, жұмыскерлер Алматы қаласы Еңбек инспекция басқармасына немесе сотқа жүгінуге құқылы», — дейді Алматы қаласы Еңбек инспекция басшысының орынбасары С.Оразбеков.

на сәйкес жауаптылықта болады. Жұмыс беруші жұмыскерге берешек болғаны және төлем кідірілген кезең үшін өсімпұл төлейді. Өсімпұл мөлшері жалақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,25 еселенген базалық мөлшерлемесі негізге алына отырып есептеледі және төлем жүргізілуіне тиісті келесі күннен басталып, төлем жасалған күнмен аяқтала отырып, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есепке жазылады.

Сонымен қатар, Мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің 87-бабына сәйкес жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде төлемеген, сол сияқты жұмыс берушінің кінәсінен төлемді кешіктірген кезеңі үшін өсімпұлды есептемеуі және төлемегені — лауазымды адамдарға — отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — алтыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, — дейді Бағдат Амандосұлы.

Заңгердің айтуынша, мақаламызға негіз болған бейнетаспадағы жағдайда жалақыдан бөлек балағаттағаны үшін де ақша өндіріп алуға болады екен.


— Бұл жағдайда жұмыс берушінің заңсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздіктерін бейнежазбаға түсіріп алған соң, дереу ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы арызбен тікелей азаматтық тәртіпте сотқа жүгініп, өзіңізге келтірілген моральдық зиянды жұмыс берушіден өндіріп алуға толық негіз бар. Менің тәжірибемде де осындай жағдайлар болған. Ол жерде жұмысшы өзінің жалақысын екі ай бойы алмаған мәселесі бойынша құқықтық көмек керсету нәтижесінде төленген тиісті еңбекақы мен өсімпұлды қоса, жұмыс беруші тарап әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын, — дейді заңгер.



Осы мәселе бойынша Бостандық ауданы прокуратурасынан ресми жауап алуға талпынғанбыз. Алайда, ол мүмкін болмады. 5 күн бойы хабарласып, мемлекеттік мекемемен байланыс орната алмадық. Бірде үнсіз дыбыстық сигнал қосылса, енді бірде тұтқаны көтерген адам үнсіз қоя салады. Қоңырауға жауап бермеген соң, мәселені айқындап жазып, «қызметтік хат» жолдадық. Халыққа құқықтық жағынан сауатты пікір білдіретін деген үмітімізді прокуратура қызметкерлері қолдағысы келмеді ме, әйтеуір хатымызды да жауапсыз қалдырды.



Мәселені зерттеу барысында мамандардың пікірімен ғана шектелмей, халық арасында жасырын сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 100 адам қатысты. Қатысқандардың жасы 18–48 жас аралығын құрады. Сұрақ қою барысында респонденттердің 63%-ы еңбек келісім-шартынсыз жұмыс істейтінін анықтадық. Олардың басым бөлігі — студенттер. 32%-ы еңбек келісім-шартын жасасқан, ал 5%-ы — жұмыссыздар.



Еңбек келісім-шартын жасаспағандар — мейрамхана, кафе, қонақүй, базар, сауда орталығының қызметкерлері. Оның ішінде даяшы, аспаз, сатушы болып қызмет ететіндер саны көп.

— Мейрамханада аспаз болып қызмет етіп жатқаным 3 жыл. Қазір жасым 48-де. Жұмысқа орналасқан кезде ешқандай еңбек келісім-шарты болмады. Алайда, жалақымызды уақытылы төлеп тұрады. Дегенмен, зейнетақы, медициналық сақтандырулар төленбейді. Мемлекеттік ауруханаларға бара алмаймыз. «Медициналық сақтандыруыңыз жоқ», — деп шығарып салады. Осы жағынан қиын. 10 жылдан аса уақыттан кейін зейнетке шығамыз. Оған зейнетақы жарнасы салынып жатқан жоқ. Сол себептен, жұмысқа орналасар алдында келісім-шартқа отырып, бәрі заңды болғаны дұрыс деп ойлаймын, — дейді қала тұрғыны Әсия Жоламанқызы.

Зерттеуімізге арқау болған бейнетаспаны көріп отырып, өзімнің студент кезімдегі жағдайым еске түсті. ЖОО-ның 3-курсанда оқып жүрген кезде анама көмек болсын деп, жазғы демалыста қаламыздағы бір кафеде даяшы болып орналасқанмын. Жұмыс беруші сол кезде менімен еңбек келісім-шартына отырмады. Мен енді жұмыс істей бастаған соң еңбек келісім-шартына аса мән бермегенмін. 3 ай бойы аталған кафеде жұмыс істеп, жұмыстан шығатын кезде жұмыс беруші соңғы бір айдың жалақысын бермеді. Хабарласқан сайын «қазір ақша жоқ, кейінірек аласың» деген сөздермен жауап қайырып отырды. Жалақымызды бермеген соң Алматы қаласы Еңбек инспекциясына барғанмын. Олар маған «араларыңда еңбек келісім-шарты жоқ, біз ештеңе істей алмаймыз», — деп бетімді қайтарған еді. Сол кезде еңбек келісім-шартының қандай маңыздылыққа ие екенін түсінгенмін.

РЕДАКЦИЯДАН:

Бүгінде қоғамда Елнұр секілді келісім-шартсыз жұмыс істеп, айлығын ала алмай жүрген жандар баршылық. Бұған мысалды алыстан іздемейік. Алматының біз білетін мейрамханалардың көпшілігінде еңбек келісім-шартынсыз қызмет етіп жатқан студент-жастарымыз жетерлік. Өкініштісі сол, екі тараптың арасындағы келісім-шартсыз жасалатын ауызша мәміле міне, көп жағдайда осылайша, құқық бұзушылықпен аяқталып жатады. Біздің ресми хатымызға орай, Еңбек инспекциясы мен Бостандық аудандық прокуратурасы бұл оқиғаны бақылауға алып, тиісті шара қабылдайды деп сенеміз. Әділетті қоғамда кез келген азамат заңды түрде жұмыс істеуге, адал еңбегіне алуға тиісті жалақысына уақытылы қол жеткізуге құқылы.

«Almaty aqshamy» газеті өз кезегінде «заңсыздыққа жол жоқ!» деген ұранмен аталған мәселені бақылауда ұстайтын болады. Жоғарыда айтылғандай, бір топ жастардың прокуратураға жазған арыз-шағымдары қаралып, шешімі шыққан бойда оқырмандарымызға мән-жайды жеткізетін боламыз. Ойткені, мақаламыздың басында мейрамхана қожайынының жақын арада Елнұрға «жалақысын толығымен өтейміз» деген уәдесі орындалмағандықтан, тараптардың мәмілегі келуі әлі де күмән тудырып тұр. Сондықтан газетіміздің алдағы сандарында біз бұл тақырыпқа әлі қайта оралатын боламыз.

Кісі ақысын жемеу — адалдықтың белгісі. Егер Сіз дәл осындай жағдайға тап болып, құғығыңыз тапталып, жалақыңызды ала алмай жүрсеңіз, бізге хабарласыңыз. Мүмкіндігінше, көмектесеміз! Өйткені, адал еңбек — ақысыз болмауы тиіс!



ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Алматыда жол қауіпсіздігін сақтау үшін қандай шараларды қолға алған жөн?

Жол – алысты жақын етіп, адамдардың қарым-қатынасына, барыс-келісіне әсер ететін байланыстың алтын көпірі.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қыс бастала салысымен Алматының коммуналдық қызметі көшелерді қар үйінділерінен тазарту, жол жамылғысындағы көктайғақтың алдын алу секілді маусымдық жұмыстарға білек сыбана кіріседі. Дейтұрғанмен, «апат айтып келмейді». Күнде десек артық айтқандық болар, барлық өңірде қар жауып, күн суыған кезде жол-көлік апаттары жиілей түсетіні рас. Ал бұл мәселе Алматыда қалай шешілетін? Жол-көлік апаттарын азайту үшін қандай шараларды қолға алған жөн?

Жақында осы тақырыпқа орай «дөңгелек үстел» өтіп, оны қаланың урбанистері, сәулетшілері мен белсенді азаматтары талқылады. Алматы әкімдігі жүргізушілер үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де қолайлы жағдай жасау үшін Vision Zero әлеуметтік жобасын енгізуді жоспарлап отыр. Оның мәні мемлекеттік ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың және урбанистикамен айналысатын басқа да ҰЕҰ-ның күш-жігерін біріктіруге.

Жобаның бұрынғы форматтардан айырмашылығы – аралық нәтижелерді бақылауға және уақытында түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-мақсатты тәсіл болып отыр.

Естеріңізде болса, ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов осы жылдың қазан айында өткен үкімет отырысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын, сонымен қатар, апатты жағдайлар мен қайғылы оқиғаларды азайту бойынша кешенді шешімдер әзірлеуді күшейтуді тапсырған болатын. Онда Премьер-Министр Қазақстан жол қауіпсіздігі бойынша әлемдік рейтингте 107-ші орында тұрғанын айта келіп, жалпы біздің елімізде жол қауіпсіздігіне қатысты жағдайдың өте күрделі екенін тілге тиек еткенді. Ол өз сөзінде «Сегіз айда жол апаттарының саны 14%-ке өскен. Қаза тапқандардың саны 18%-ке көбейді. Орта есеппен жолда тәулігіне 5-6 адам қаза табады. Бұл – өте ауыр жағдай. Өкінішке қарай, бізде жүргізушілер арасында көлік жүргізу мәдениеті өте төмен», – дей келе, еліміздегі жүргізушілерді даярлау сапасы күмән тудыратынын атап өткенді.

СТАТИСТИКА «СӨЙЛЕЙДІ»

ҚР АӨК Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2017 жылдан 2021 жылға дейін Алматыда жол апаты 63%-ға төмендеген. 2022 жылдың басынан бастап Қазақстанда болған барлық жол-көлік апатының 27,8%-ы Алматыға тиесілі болыпты. Ағымдағы жылғы дерекке сүйенсек, қалада 2183 жол-көлік апаты орын алып, 2524 адам жарақат алған. 53 адам қаза болған.



Жалпы, жол-көлік оқиғасына түрткі болатын факторлардың бірі – жаяу жүргіншілердің жауапсыздығы. Ресми статистикаға сүйенсек, 2015–2019 жылдары елімізде жаяу жүргіншілердің қатысуымен 37 мың жол-көлік оқиғасы тіркелген екен. Бұл жалпы оқиғалар санының 42 пайызына тең. Оқиғалардың 75 пайызы немесе 28 мың жаяу жүргіншілер жолағында орын алса, 9 мыңы немесе 25 пайызы жолды рұқсат етілмеген аумақтан жүріп өту кезінде тіркелген. Мұндай оқиғалар жол бойындағы елдімекендерде жиі орын алатын көрінеді.

Алматының қоғамдық және қала құрылысы кеңестерінің мүшесі Марат Шибуттов «дөңгелек үстелде» сөйлеген сөзінде Алматы жолдарындағы қауіпсіздікті арттыру үшін қаржылық шығыстарды жаңа форматта жоспарлауға баса назар аудару керектігін айтты:

– Біз апаттар, апаттан зардап шеккендер мен қаза тапқандар жөніндегі статистикамен таныспыз. Мұның бәрі түптеп келгенде қалалық жолдарды, тротуарларды дұрыс жоспарламаудың, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін елемейтін салдары екенін де көріп отырмыз. Сондықтан бізге Vision Zero жобасын енгізе отырып, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер үшін жағдайды жақсартуға болады. Бұл Алматы жолдарындағы апаттылықты азайтуға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ол үшін ең алдымен осы жол-көлік апаттары мен олардың салдары үшін қанша қаражат жұмсалатынын есептеу керек. Сондай-ақ Vision Zero жобасын іске асыруға қажетті бюджетті айқындау қажет, – деді спикер.

Ал сәулетші, Q88 урбанистер қауымдастығының мүшесі Дэвид Камински қалаға жол қозғалысына қатысатын жаяу жүргіншілер, жүргізушілер, қоғамдық көлік және басқаларды қамтитын ғылыми көзқарас пен озық халықаралық тәжірибеге негізделген кешенді жол қауіпсіздігі бағдарламасы қажет деген пікірде.

Sergek Group компаниялар тобының негізін қалаушы Қайрат Ахметов урбанистер қауымдастығының өкілін қолдап, қауіпсіз жол қозғалысы үшін жүргізуші тәртібін арттыру жеткіліксіз екенін айтады.

– «Сергек» жүйесін енгізгеннен кейін біз өлім-жітім санын азайту бойынша оң динамиканы байқадық. Дәл осы жүйенің арқасында Астанада қаза тапқандар саны екі есеге азайды. 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін бұл көрсеткіштер өзгерген жоқ. Алматыда да өлім-жітім екі есеге төмендеді. Бірақ қазіргі жағдай көңіл көншітерлік емес. Сол себепті қала жолдарындағы жүйелік проблемаларды бірлескен күш-жігермен және кешенді шаралармен, соның ішінде Vision Zero жобасы аясында шешу қажет деп есептеймін, – деді ол.

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШУ ҚАЖЕТ

Алматының даму жоспарына сәйкес, осы жылдың соңына дейін жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсартуға арналған Vision Zero Алматы бөлімі ашылады. Бөлімге жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі шараларды уақытылы іске асыру үшін құрылыс бригадалары бекітілетін болады.

Жалпы, жол саласының мамандары сапалы жол инфрақұрылымын салудан бөлек, жылдамдықты бақылау жол қауіпсіздігін арттырудың маңызды құралы болып саналатынын естен шығармау керек екенін айтады.

«Дөңгелек үстелге» қатысушылардың пікірінше, бұл шаралар көшелерді ең алдымен жол қозғалысынан зардап шегетіндер үшін қауіпсіз болады. Қалада ЖКО азаяды. Сонымен қатар, жаяу серуендеуге және велосипедпен жүруге қауіпсіз орта қалыптасады. Сондай-ақ, жеке көлікті пайдалануды қысқартуға мүмкіндік береді.

Жиын барысында Freedom Insurance СК Басқарма төрағасының кеңесшісі Марлен Сихаев биыл холдинг екі инновациялық өнімді – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін міндетті автосақтандыру бойынша жазылу мен ЖКО кезінде онлайн-төлемдер жасауды іске қосқанын еске салды.

«Дөңгелек үстелді» қорытындылай келе қатысушылар Vision Zero-ны іске асыру бойынша неғұрлым нәтижелі іс-қимылдар жасау қажет деп шешті. Ол үшін ЖКО бойынша жаңартылған деректерді, атқарылған жұмыс пен жұмсалған қаражат туралы ай сайынғы есепті ұсына отырып, осындай талқылауларды жүйелі түрде өткізу керек. Сондай-ақ, жобаны іске асыруға тың идеялары мен жобалары бар азаматтарды қосуды да дұрыс деген келісімге келді. Демек, сала мамандарына сөзден іске көшетін кез келді. Себебі, бұл қала халқының қауіпсіздігі үшін кезек күттірмейтін шаруа.

КЕРЕК ДЕРЕК

«Vision Zero Almaty» іс-шаралар жоспары жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған және жол-көлік оқиғаларында қаза болу мен жарақат алу санын азайту тәсілдерін өзгертуді ұсынады. Жоспар жолдарды, көшелерді, жол белгілерін жол қозғалысына қатысушылардың іс-әрекетіне, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне қарай өзгерту және бейімдеуді көздейді.

ЖОЛЫМЫЗ ЖІТІ БАҚЫЛАУДА

Алматының жол сапасына жауапты мамандары қалаға қар жауған кезде жол бойына себілетін құм, тұз қоспасының көлемі жеткілікті дейді. Олар бұл туралы арнайы өткен брифингте де айтқан. Бүгінде коммуналдық қызметтер жолдардың қауіпті деген аумақтарын жіті назарда ұстап, жедел тазалық жұмыстарын жүргізіп жатыр. Егер алда-жалда төтенше жағдай туындай қалатын жағдай болса, қала мен аудан әкімдіктері, полиция және жол қызметтері басқармалары жедел іске кірісуге сакадай-сай отыр.

Ауа райының нашарлауы және автожолдардың жабылуы туралы ақпарат дер кезінде «Almaty aqshamy» газетінде, жалпы, БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде, ғаламтор беттерінде жарияланады. Тұрғындар назарын ауа райы нашарлаған кезде жол қозғалысын шектеу туралы талаптарға құлақ түруге үндейтін хабарламалар да назардан тыс қалмақ емес. Бұл қала жолдары сала мамандарының жіті бақылауында екенін көрсетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАЗҒЫ ДӨҢГЕЛЕКПЕН ЖҮРСЕҢІЗ, АЙЫППҮЛ АРҚАЛАЙСЫЗ

1 желтоқсаннан бастап заң бойынша жазғы дөңгелектермен жүруге тыйым салынады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қыстың басталуы мен суық ауа райына байланысты жолдардағы көлік қозғалысы ерекше назар аударуды қажет ететінін атап өтті.

«Жеңіл көліктер мен аз тонналы жүк көліктерінің желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында тек қысқы не барлық маусымға арналған дөңгелектердің кейбірімен ғана жолға шығуына рұқсат беретін талап Кеден одағының «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінде жазылған», – делінген хабарламада.

Ережені бұзған жағдайда 5 АЕК (15 315) көлемінде айыппұл салынады екен. Ал бір жыл ішінде осы ереже қайта бұзылса, онда айыппұл көлемі артады. Сонымен қатар, жазғы шиналардың қыста қатып қалып, тұтқырлық қасиетінен айырылуы, ең кемі алдыңғы көлікті сәл іліп кетуге мәжбүр етсе, кей жағдайда оқиғаның қайғылы аяқталуына әкеп соғуы да ғажап емес.

Қыста жүруге рұқсат берілетін бұдырлы шиналар ішінде қар ұшқыны бар үш шыңға не тау іспеттес белгімен және M+S, M&S не M S белгілерімен таңбаланады. Бұл ретте шина бұдырының тереңдігі кемі 4 мм болуы тиіс.

СЕССИЯ

МАҚСАТ – АЙҚЫН, МҮДДЕ – ОРТАҚ

Ағымдағы жылға арналған жергілікті бюджетті нақтылау жөніндегі Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясы өтті

Алматы қаласының мәслихаты 2022 жылға арналған Алматы қаласының нақтыланған бюджетінің жобасын қолдады. Бюджетке өзгерістер қаланың әлеуметтік басымдықтарын жүзеге асыруға бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2030 жылға дейін тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасын іске асыру үшін қосымша қаражат бөлінді.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен техникалық және кәсіптік білім беру аясында жастарға қосымша гранттар берілетін болады. Гранттар 5 колледждің 1032 студентіне бөлінеді.

«Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасы аясында 50 жас отбасыға (барлығы 1050 пәтер) «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй сатып алуға қосымша қаражат бөлінді. Сонымен қатар, «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша баспана алуға да қаражат бөлінді.

Қаланың көлік инфрақұрылымына қатысты тапсырыс берілген 300 автобустың алғашқы 200 жана автобусын сатып алуға алдын ала төлем жасалатын болады. Бұдан басқа, қоғамдық көлікте азаматтардың жеңілдетілген санаттарын тасымалдау өтемақысын қаржыландыру жалғастырылатын болады.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға көмекші құралдарды сатып алу үшін қаражат қарастырылған, атап айтқанда: 180 бірлік тифлотехникалық құралдар (көру бойынша), 133 бірлік сурдотехникалық құралдар (есту бойынша), 188 бірлік қозғалыс құралдары (таяқтар, жаяу жүргіншілер, балдақтар). Мұқтаждар санының артуына байланысты 418 ымдау тілінің маманының қызметіне қаражат бөлінді.

№129 мектеп ғимаратын қалпына келтіру және күрделі жөндеу жұмыстарымен сейсмикалық күшейтуге және №9 мектеп-интернатына қосымша ғимарат салуға қаражат бөлінді.

Алатау ауданында мектеп жасындағы балаларға арналған инновациялық шығармашылық орталығын салуға қаражат қарастырылған.

Сонымен қатар, инженерлік желілерді, жол-көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту бойынша нақты шаралар қарастырылған. Түркісіб ауданындағы «Нижняя пятилетка» ш/а көріз желілерін салуға және су желілерін қайта жаңғыртуға қаражат бөлінді. Сондай-ақ, Алатау ауданында «Әйгерім-1,2» ш/а ағынды суларды сору станциясының құрылысына қаражат бөлінді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰЛҒАТАНУ

Қазақстан және КСРО Халық артисі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Ғазиза Жұбанова – қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Биыл – халқымыздың аяулы қызының 95 жылдығы.

ЖҰБАНОВАНЫҢ МӘҢГІЛІК ЖЫРЛАРЫ



Ғазиза Ахметқызы 1927 жылдың 2 желтоқсанында Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы, Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген. Қазақтың кәсіби музыкасының негізін қалаушы А.Жұбановтай ұлы тұлғаның қызы Ғазиза Гнесиндер атындағы Мәскеу музыкалық училищесінде білім алған. Ол П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында профессор Ю.А.Шапориннің композиция класын бітірген.

Ғ.Жұбанова 1958 жылдан бастап Алматы мемлекеттік консерваториясында ұстаздық етті. 1975–1987 жылдары осы консерваторияның ректоры (1978 жылдан профессор). 1962–1968 жылдары Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының төрағасы, 1974 жылдан КСРО Композиторлар одағы басқармасының хатшысы болған.

Қазақтың ғалым қызы туралы белгілі композитор Төлеген Мұхамеджанов былай деп жазды:

«Жұбанова – өзін ұлағатты ұстаз ретінде танытқан тұлға. Оның шәкірттері – Е.Серкебаев, С.Кабирова, Т.Мұхамеджанов және т.б. Консерватория ректоры ретінде ол ұлттық кадрлар – музыкант-орындаушылар мен музыкатанушылардың қалыптасуына ықпал етті. Олардың бірнешеуі әлемдік атаққа ие болды. Мысалы, А.Мұсаходжаева, Г.Мырзабекова, Г.Қадырбекова, Ж.Әубәкірова, Т.Әбдірашев және тағы басқалар. Жұбанованың ықпалымен музыкалық мектептер құрылып, фольклор және композиторлық шығармашылық мәселелері бойынша диссертациялар қорғала бастады. Жұбанова – өзінің талантын барлық жанрда танытқан шығармашылық диапазоны кең композитор».

Өнертанушылар Ғазиза Ахметқызының музыкалық ойлау жүйесінің біртұтастығын, вокалды орындаудан аспапты орындауға ауысу, сезім көрнекілігін, тақырыптық материалдың ашықтығын, ұлттық бояу, ауқымдылық, эпикалық кеңдік пен музыкалық образдардың қарама-қайшылықты мінездерін біріктіре алатынын мойындаған.

Ғазиза Жұбанованың шығармашылығына әкесі Ахмет Жұбановтың ықпалы зор болды. Ахметтей өнер иесінің аяқталмай қалған «Құрманғазы» радиооперасын дарынды перзенті Ғазиза аяқтаған (1970). Жұбанованың өзі – «Еңлік – Кебек» (1975), «Жиырма сегіз» (1981) операларының, «Аққұс туралы аңыз» (1966),

«Хиросима» (1966), «Қарагөз» (1990) балеттерінің, «Жігер», «Ақсақ құлан» симфония поэмаларының, «Даладағы таң нұры» (1960), «Мұхтар Әуезов туралы аңыз» (1965), «Батырлық поэмасы» (1972) сынды ораториялық шығармалардың, «Адам, адамды аяла», «Әйелдер аралы», «Арал шындығы», «Татьянаның хаты» атты вокальдық-симфониялық шығармалардың, скрипка мен фортепианоға жазылған «Элегия», «Вариациялар», «Поэма» прелюдияларының, «Жалғыз емен», «Боран» атты а'capella хорлардың, инструменталдық пьеса, камералық шығармалар, поэмалар мен квартеттер, фантазия, т.б. көптеген музыкалық шығармалардың авторы. Сондай-ақ, ол Қазақ драма театрының репертуарынан берік орын алған «Жалғыз ағаш орман емес», «Бөлтірік бөрік астында», «Замана осылай басталады», «Құдағи келіпті», «Абай», «Ана – Жер-Ана», «Қарақыпшақ Қобыланды» қойылымдарына музыка жазған. «Қорқытпа мені дауылдан» романы, «Ақ сәуле», «Толқын жел», «Сенімді дос – ол да бақыт», «Көктем вальсі», «Жыр жазамын жүрегімнен» әндері кең танымал болған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азамат ЖЫЛТЫРКӨЗОВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– Ғазиза Ахметқызы Жұбанова – біртуар композитор, ұстаз, публицист, қоғам қайраткері, Қазақстан композиторлар мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Оның заманауи қазақ мәдениетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Ғ.Жұбанованың опера, балет, симфония, концерт, оратория, кантата, камералық туындылар, ән және хор шығармалары, спектакльдер мен кинофильмдерге арналған музыка, халық әндерінің өңдеулері енген көп қырлы шығармашылық мұрасы ұлттық өнерді әлемдік деңгейге алып шықты.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СПИД-КЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ



Бұл күн ДДСҰ шешімімен 1988 жылдан бастап жыл сайын атап өтіледі. Себебі, ВИЧ-пен ауыратындар қатары жылдан-жылға артып келеді. Ал Алматыда 4109 адам ЖИТС орталығының есебінде тұр.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

– Соңғы жылдары мегаполисте АИТВ-ның жыныстық жолмен берілу жағдайларының 2013 жылғы 63%-дан 2022 жылы 77,9%-ға дейін көбейгені байқалады. Инфекциялық есірткі қолдану арқылы берілу 15%-ға жеткен. АИТВ-ны

емдеу диагноз қойылғаннан кейін бірден басталады және ол тегін жүргізіледі. 2022 жылғы 1 қазанындағы жағдай бойынша ЖИТС орталығында диспансерлік есепке 4109 адам тіркелген, жыл сайынғы өсім 10-11 пайыз. Анықталған жағдайлардың төрттен бір бөлігі еліміздің басқа аймақтарынан келген азаматтар. Антиретровирустық терапияны 3688 АИТВ-

мен өмір сүретін адам қабылдайды (бұл есепте тұрғандардың 91,2%)», – дейді Алматыдағы ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығы бас дәрігерінің орынбасары Альфия Денебаева.

АИТВ-инфекциясы – адамның иммун тапшылығы вирусын тудыратын баяу үдемелі ауру. Вирус өз бетінде CD4 рецепторлары бар иммундық жүйенің жасушаларын зақымдайды. АИТВ адамның иммундық жүйесін бұзып, оның басқа да жұқпалы ауруларының дамуына ықпал етеді, өйткені иммундық жүйе ағзаны ауру тудыратын микроорганизмдерден қорғау қабілетін жоғалтады. АИТВ жұқтырған адам уақыт өте келе дені сау адамдар үшін ешқандай қауіп төндірмейтін микроағзаларға да сезімтал болады.

Адамның иммун тапшылығы вирусы адамнан адамға беріледі. АИТВ жұқтырған адамды АИТВ жұқтырғандар деп атайды.

ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы. Бұл оның АИТВ-ның зақымдануы салдарынан иммундық жүйенің жеткіліксіз жұмыс істеуінен туындаған аурулардың үйлесімі.

АИТВ наукастың қанымен жанасқан кезде; спермамен, яғни жыныстық қатынас кезінде; АИТВ жұқтырған әйел баланы емізгенде жұғады.

Ал қол алысу, сүйісу, массаж кезінде, бір төсек-орынды пайдаланғанда, бір ыдыстан тамақ ішкенде, жөтелгенде, түшкіргенде жұқпайды.

ДАБЫЛ

Деменция деген ауру бар. Яғни жасына жетпей алжу, есте сақтау қабілетінің әлсіреуі.

ДЕМЕНЦИЯ қандай ауру?

Сол аурумен шалдыққан жандарды емдейтін Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығында арнайы ашылған бөлім бар. 25 төсектің бәрі де бос емес бүгінде. Пациенттердің көбі жасы алпыстан асқан жандар.

Бұл бөлім кешегі пандемия кезінде жабылып қалып, төсек-орны ковидке шалдыққан пациенттерді жатқызуға, емдеуге керек болған-ды. Енді қайтадан ашылып отыр. Себебі, деменция дерті асқынбаса, азаймай тұрған көрінеді.

Әдетте жасы ұлғайған адамның есінің кіресілі-шығасылы болуы, қазіргісін қазір ұмытып қалуы қалыпты жағдай саналады. Сондықтан оны адамның кәрілігіне, қарттыққа жатқыза саламыз. Десе де, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы деменцияға әлі де кәрілікке жете қоймаған тұрғындар да шалдығып жатыр деп дабыл қағып отыр. Әлем бойынша әр 4 секунд сайын ақыл-есінен адасып, өзін басқару мүмкіндігінен айырылған 1 науқас тіркеледі екен. Ал 2030 жылы деменциямен ауыратын қарттар саны 65 миллионнан асуы мүмкін деп отыр.

– Психикалық аурудың осы түрінің қарқынды өсуінің бірнеше себебі бар. Адамдардың ұзақ жасауы, жағымсыз ақпараттардың



психикаға әсері, стресстік жағдайлар, күйзелістің асқынуы, инсульт, эпилепсия, бас, ми жарақаты салдарынан мидың зақымдануы деменцияның бас көтеруіне түрткі болады, – дейді Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшеев. Иә, әлемдегі жасы 65-тен асқан әрбір оныншы қарт аталмыш дерттен зардап шегеді. Мәселен, денсаулығын өте жақсы күтетін Оңтүстік Кореяда алжыған адамдар қарасы 2024 жылы 1 млн-ға жетпек деген болжам бар.

Олар да алжуға душар ететін жағдай өте көп дейді. Мәселен, басынан ауыр жарақат алғандар, алкогольдік ішімдіктер мен есірткі қолданатындар да деменцияға шалдығуы мүмкін. Жастар арасындағы токсикомания, түрлі затты ііскеу де ақыл-естің тежелуіне алып келеді. Күндіз-түні компьютерге, алақандай ұялы телефонға телміру, жүйке талшықтарына әсер ететін қатыгез ойындар мен түрлі ақпараттар ағыны психикалық аурулардың белен алуына жеткізіп отыр. Сондықтан ата-аналар балаларына да уақытылы көңіл бөлуі керек дейді мамандар.

Әлгінде деменция ұзақ жасағандар арасында жиі кездеседі деді. Адам ұзақ өмір сүріп қана қоймай, ғұмырын сапалы өткізуге көңіл бөлсе дейміз.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕЙСМИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

мақсат – қала тұрғындарының төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарға дайындық деңгейін арттыру

Іс-шара туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті басшысының міндетін атқарушы Ерлан Әлібеков айтты. Мегаполис тұрғындары мен қонақтарына түсіністікпен қарауды сұрайды.

Ерлан Әлібеков 2 желтоқсан күні сағат 11.00-де Алматыда жоспарлы жалпықалалық сейсмикалық оқу-жаттығу өтетінін айтты. Ол жылына бір рет өтеді. Тоқсан сайын қала ұйымдарында сейсмикалық оқу-жаттығулар ұйымдастырылса, биылдың өзінде 3,5 мыңнан астам сейсмикалық оқу-жаттығулар өткізілді.

Төтенше жағдайлар департаментінің өкілі жалпықалалық сейсмикалық жаттығуға алдын ала дайындала бастағанын айтты. Мәселен, телеарналар мен радиоарналарда хабарландыру басталды, алматылықтар оқу-жаттығуға қатысты эвакуациялау туралы ақпараттандырылады, ұсыныстар берілді.

«Сейсмикалық оқу-жаттығу күні теле және радиоарналар сиреналық қондырғыларды іске қосу арқылы қалалық ескерту жүйесі іске қосылады, «Дармен» мобильді қосымшасы арқылы push-хабарламалар жасайды», – деді Е.Әлібеков.

Қауіпсіз орындар – электр желілері мен ғимараттардан алыс, ашық жерлер

Сейсмикалық оқу-жаттығу бойынша негізгі оқу орны АДК сауда ойын-сауық кешені болып белгіленді. Онда шатырлы лагерь, дала асханасы, тамақтану және азық-түлікпен қамтамасыз ететін пункттер, халықты уақытша орналастыру және тіркеу орындары жайылады. Төтенше жағдайлар департаментінің спикері азаматтық қорғау қызметінің барлық жеке құрамы адамдарды құтқару және эвакуациялау, қирандылардан зардап шеккендерді шығару, өртті сөндіру, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша іс-шараларды іс жүзінде пысықтайтынын хабарлады.

Сонымен қатар, жер сілкінісі кезінде халықтың іс-әрекеті бойынша жадынамалар тарата отырып, сондай-ақ ТЖ жағдайына дабыл дорбасы жасақтау бойынша оқыту тренингтері өткізілетін болады. Қалада шартты түрде баспанасыз қалған адамдарға 384 қабылдау пункті іс жүзінде орналастырылады.

Барлық білім беру, денсаулық сақтау нысандары және қалада адамдар жаппай болатын (ОСС, сауда орталығы, СУ)



эвакуациялау үшін оқу элементтері әзірленеді, онда ТЖД қызметкерлері әдістемелік көмек көрсетеді және жадынамалар таратуды ұйымдастырады және «жер сілкінісі кезіндегі 10 қарапайым қадам» жадынама ұйымдастырады.

«Сейсмикалық жаттығу суық мезгілде жүргізіліп жатқандықтан, тұрғындарды жылы киініп эвакуациялануды сұраймыз. Сейсмикалық оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – қала тұрғындарының төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдарға дайындық деңгейін арттыру, тұрғындар

эвакуациялау жолдарын, қауіпсіз жерлерді алдын ала анықтап, апаттық чемодандарды дайындау», – дейді Е.Әлібеков.

Еске салайық, Алматы қаласы 9-10 баллдық сейсмикалық аймақта орналасқан. Жыл сайын қалада 200-ге дейін әлсіз, сезілмейтін жер сілкінісі болады. Бұл ретте күші 2-ден 4 баллға дейінгі жер сілкінісі Алматы үшін фондық режим болып есептеледі. Сейсмология институтының болжам комиссиясының мәліметінше, жыл соңына дейін қалада 7 және одан да көп баллдық жер сілкінісі күтілмейді. Сондықтан жүргізіліп жатқан қалалық сейсмикалық дайындық жер сілкінісін күтумен байланысты емес.

Алматы сейсмологы: жыл соңына дейін қатты жер сілкіністері болмайды

ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің Сейсмология институтының директоры Дәулет Сәрсенбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингіне қатысты.

«Біздің институттың базасында тұрақты болжам жасайтын комиссия бар. Оның қорытындысы бойынша, осы жылдың соңына дейін Алматы қаласының аумағында қатты және зілзалалы жер сілкіністері күтілмейді», – дейді ӨКҚ спикері.

Алматы тұрғындарын жалпықалалық жоспарлы сейсмикалық оқу-жаттығу кезінде үрейге бой алдырмауға, әлеуметтік желілердегі арандатушылық сөздерге ермеуге шақырады. Жалпықалалық сейсмикалық оқу-жаттығу жыл сайын халықты жер сілкінісі кезінде қалай әрекет етуге дайын болу керектігіне дайындау мақсатында өткізіледі.

Дәулет Сәрсенбаев алдағы болжамды түрде жер сілкінісінің нақты күнін әлемнің ешбір жерінде анықтай алмайтындарын айтты. Дегенмен, бұл мәселемен алматылық ғалымдар айналысуда. Олар күн сайын сейсмологиялық станциялардан мәліметтер жинап, болжамды анықтау үшін 200-ден астам параметрді өңдейді.

«0,7 ықтималдылық бойынша, біздің сарапшылар бізде күшті жойқын жер сілкінісі болмайды деп сенімді түрде мәлімдейді. Алматы қаласы тұрғындарын ескерту және алдын ала хабарлау аясында әкімдіктің, Төтенше жағдайлар департаментінің және біздің Сейсмология институтының қолдауымен күшті жер сілкінісін ерте хабарлау жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Мемлекет басшысы атап өткендей, 2025 жылға дейін ерте хабарлау жүйесімен және Дармен мобильді қосымшасымен біріктіре отырып, 28 ерте хабарлау жүйесінің станциясын орнату жоспарлануда», – деді спикер.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Жаңа туған, тіпті әлі тумаған баласынан бас тартып, саудалап жүрген жүкті әйелдер, адам ұрлау, құлдыққа ұстау деген сөздерді жиі естіп жүргенімізбен, елде заманауи құлдық пен адам саудасы барын мойындағымыз келмейді. Өкінішке қарай, мұндай халықаралық қасіреттен біздің ел де ада емес.

Әлемдік статистикада Қазақстан құлдық мәселесінде 83-орында тұр. ҚР Ішкі істер министрлігінің қараша айының басындағы мәліметіне сәйкес, соңғы 4 айдың ішінде адам саудасының 30-ға жуық фактісі тіркеліп, 3 қылмыстық топ анықталған. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі адам саудасы құрбандарының 70 пайызы – әйелдер мен жас қыздар және балалар екенін жариялады. Қазір елде жыл сайын 100-ден астам осындай қылмыс тіркеледі.

Салдарымен емес, себебімен күресу керек

Жазасы қатаң қылмысқа қарсы күрестің арқасында адам саудасы қылмысының анықталу қарқыны артып келеді дейді мамандар. Биыл қалада адам саудасымен айналысып, жалған куәлік жасады деген күдікпен бір топ адам ұсталды. Бұл қалада болған бір ғана жағдай емес. Жазда 24 жастағы келіншек пен бірге тұратын ер адам туғанына 6-ақ күн болған сәбиді 2 миллион теңгеге сатпақ болған деген ақпаратты естіп, біраз жұрт шулады. Жария болмаған қылмыстар қаншама?!

Адамды зат сияқты сатқандарға жаза бар. Жалпы, бізде бұл қылмысқа қарсы әрекет заңмен мемлекеттік органдардың бұйрығымен реттеледі.

Жұмыс істеп, ақша табамын деп немесе тұрмыс құрамын деп құлдыққа түскендер де бар. Көбіне ауылдық елдімекендерде жиі кездесіп жатады. 2021 жылы 103 заңбұзушылық тіркелген заманауи құлдыққа әдетте жеке құжаттары жоқ азаматтар ілінеді. Статистикаға сүйенсек, көбіне Орта Азия елдерінен Қазақстанға жұмысқа келген еңбек мигранттары құлдыққа түседі. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасында келісім-шарт жасалатыны белгілі. Ал шет елден келген азаматтардың дені маусымдық жұмысқа келеді де, келісім-шарт жасауы қалып жатады. Салдарынан жұмыс беруші құжаттарын бермей, құлдыққа салады. Мұны азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі дейді маман.

ЖАҒАҢДЫҚ ҚАСІРЕТ

құлдық пен адам саудасы белең алып барады



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльнура КІШКЕНЕБАЕВА, заңгер:

Бала сату да, адамды құлдыққа ұстау да жазасыз қалмайды

Бұрын адамдарды жұмыс істетуге үшін құлдыққа ұстаса, қазір адам саудасын жандануына себепші болатын себептер жетеді. Өкінішке қарай, әлем бойынша адам саудасына қатысты қылмыс тыйылар емес. Адам саудасы әлемде үшінші орында тұрған қылмыс түрі болып саналады. Біздің елде адам саудасына қатысты қылмыстық іспен күрес ғана жүріп жатыр, ал оның алдын алу шарасы жоқ.

Адам саудасына қарсы әрекет жасаудың қылмыстық-құқықтық саясатының теориялық тұжырымдамасы, арнаулы базалық заңы, нормалары, жоспарлары мен оларды жүзеге асырудың шаралары әлі де болса жетілмеген.

Қазіргі кезде Ішкі істер министрлігі «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасын әзірлеуде. Өзірше адам саудасына қатысты мәмілелер ҚР Қылмыстық Кодексінің 128-бабы бойынша қарастырылады.

Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер үшін мүлкі тәркіленіп, 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Ал егер де әрекет адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіруімен, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен, жәбірленушінің материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырыумен, жәбірленушінің жеке басын қуәландыратын құжаттарды алып қойып, жасырып не жоя отырып жасалумен байланысты болса, бұл әрекеттер үшін мүлкі тәркіленіп, 7 жылдан 9 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Бетті дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ДӘСТҮР

ҚАЛЫҢМАЛ МЕН МӘҺІР

Бұл екі амалдың ұқсастығы мен айырмасы неде?

Шаңырақ көтеру – өмірдегі ең маңызды, жауапкершілігі мол қадамдардың бірі. Сол себептен де, оның талаптары мен шарттарының заң жүзінде ғана емес, дін негізінде де дұрыс орындалғаны абзал.

Солардың бірі – құда түсіп келгенде қызға берілетін қалыңмал. Қалыңмал төлеу қазақ халқында ескіден келе жатқан салт-дәстүр болып табылады. Тіпті, мұсылмандыққа қадам баспай тұрып та бұл жоралғы көшпелі елдің қолданысында болған. Уақыт өте халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң, қалыңмал шариғатта мәһір ретінде танылып, неке шартының бірі ретінде қолданылып келеді.

Жалпы, қалыңмалды шариғаттағы күйеу жігіттің қалыңдығына беретін мәһір-сыйы деп есептеуге болады. Себебі, мәһір – әйелдің күйеуінен алған сыйлығы, ол әйелдің тәуелсіз мүлкі деп есептеледі. Күйеу жігіт берген қалыңмалға қарай қыздың жасауы әзірленеді. Егер, үйленгеннен кейін барып әйел жесір қалып жатса, күйеуінің берген қалыңмалына (мәһірі) алған дүние-мүлік оның өз меншігі болып саналады.

Ал исламтанушы Самет Оқан қалыңмал мен мәһірдің аражігі ажыратылатынын айтады. Сөзіне сүйенсек, қалыңмал – қыздың ата-анасына күйеу жігіттің немесе құда жактың сыйластықты арттыру мақсатында берілетін дәстүр ретінде қалыптас-



қан амал дейді. Ал мәһірдің түсінігін исламтанушы келесідей баяндайды:

– Қазақ дәстүрінде күйеу жігіт берген қалың малға көбінесе қыздың жасауы әзірленіп, кейінгі күйеуімен бірге болған отбасылық өмірінде ортақ қолданысқа түсіп кетеді. Келісілген мәһірді бермей кеткен жағдайда жігіттің мойнына қарыз болып қалады. Бірнеше әйел алған адам әрбірімен келісе отырып, жеке-жеке мәһір беруге міндетті. Сондай-ақ, қыздың өз ақысын (мәһірін) азайтуға немесе кешіруге мүмкіндігі бар. Ал ерлі-зайыптылар өзара

ешқандай мәһірдің мөлшеріне келіспей тұрып, некелесіп қойған болса, онда қалыңдыққа өз құрбыларына берілген мәһірдің ұқсасы беріледі. Сонымен қатар, мәһірге шариғатта тыйым салынған арақ-шарап, ұрланған зат сынды дүние-мүліктер берілмейді, – дейді Самет Оқан.

Желіде танымалдыққа ие болған дінтанушы, теолог Нұрлан қажы Асанов бұл пікірге келіспейтінін айтады. Ол дін мен салт-дәстүрді байланыстырып, қалыңмал мен мәһірдің бір екенін жеткізеді. Нұрлан имамның айтуынша, қазіргі таңда мәһір

бермеді деп ажырасып кетіп жатқан жас отбасылар өте көп екен.

– Қазіргі таңда мешітте отырып, маған 3 бөлмелі үй, қымбат көлік керек деп мәһір сұрайтын қыздарымыз бар. Мысалы, Абай атамыз Ділдә анамызға, Кенесары мен Әбілхайыр хандарымыз Бопы мен Күлімжан аналарымызға үйленгенде мәһір берді деген дерек бар ма? Бұл қазақтар мәһір дегенді білмеген деген сөз емес. Мәһір дегенді қыздың сыйлығы деп білген, бұл қызға берілетін қалыңмал деген сөз. Құда түскен қалыңмалды беріп, анасының ақ сүтіне ақша беріп, неке қиғанда тағы мәһір сұрау – дұрыс емес. Қалыңмал берілсе, мәһір сұралмайды, – дейді Нұрлан ұстаз.

Ал исламтанушы Мұхан Исахан мәһір беру некенің негізі емес дегенді алға тартады.

– Некенің руқнына ер мен қыздың үйлену жөніндегі келісімі (ижаб уә қабул) жатады. Тіпті, мәһір шариғат бойынша некенің шарттарына да кірмейді. Алайда, Құран Кәрімнің «Ниса» сүресінің 4-аятында және Алла Елшісінің (с.ғ.с.) көптеген хадистерінде мәһір беру (Бұхари, Никаһ, 6; Насайи, Никаһ, 62; Муатта, Никаһ, 8) туралы айтылғандықтан, ғұламалар мәһір беруді некенің маңызды үкімдерінің бірі деп есептейді, – дейді Мұхан Исахан.

Бұдан түйгеніміз, салт-дәстүріміздегі қалыңмал дініміздегі мәһірге сәйкес келеді. Қалыңмал берілген жерде мәһір сұралмауы тиіс. Себебі, екі амалдың да атқарар қызметі – бір.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ҰЛТТЫҚ МҰРА
ҰЛЫҚТАЛДЫ

Турнир мақсаты – қазақ спортын дамыту

Алматы қаласында мешіт жамағаты арасында қазақ күресінен турнир өтті. Төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан жарыс биыл ерекше өтті. Себебі, алғаш рет турнирге дін қызметкерлері қатысты.

Алпысқа жуық балуанның басын қосқан сайыс екі салмақ дәрежесінде өтіп, өзара мықтыны анықтады. Сайыс Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы мен Алматы Орталық мешітінің ұйымдастыруымен өткізілді. Ал жеңімпаздар белбеу және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Жарыс «Ұлттық мұра» бағдарламасы аясында өтті. Ұйымдастырушы, бағдарлама менеджері Әлия Шайханның сөзінше, биыл қаладағы мешіт өкілдерінің сұранысымен сайысқа мешіт қызметкерлері де қатыстырылған.

«Мешіт жамағаты арасындағы қазақ күресінен турнир осымен төртінші жыл өткізіліп отыр, ал мешіт өкілдері арасындағы жарыс алғаш рет ұйымдастырылды. Сайыс жайлы екі ай бұрын хабарланып, мешіт өкілдері арнайы да-

йындықтан өтті. Бұл қатысушылардың жарақат алуын алдын алу үшін жасалды. Ал мешіт жамағатына жарыс туралы екі апта бұрын хабарланып, бас имамдарға хат жібердік.

Басты талап – қатысушы кәсіби спортшы болмауы керек. Тек қана әуесқойлар қатысып, өзара күш сынасты. Салмақ өлшеу рәсімінде де ескертілді. Сонымен қатар, Қазақ күресі федерациясының арнайы төрешісі шақырылды.

Турнирдің мақсаты – денсаулық кепілі және қазақтың ұлттық спортын дамыту. Салмақ өлшеу рәсіміне барлығы 100-ден аса азамат келді. Дегенмен, белгілі спорт түрінен жетістікке жеткендіктен және күреске қатысқандықтан, көпшілігін қатыстырған жоқпыз. Нәтижесінде 45 азамат іріктеліп шықты», – деді Әлия Шайхан.

Мешіт жамағаты арасында 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде 30 балуан, ал 75 келіден жоғары салмақ дәрежесінде 15 балуан күресті. Бұдан бөлек, 12 мешіт өкілі бар: 6-ауы 75 келіге дейінгі, 6-ауы 75 келіден жоғары салмақ дәрежесінде белдесті. Турнир барысында бұрын күреспен шұғылданған 6 балуан шеттетілді. Әрі спорт болғандықтан, бірнеше адам жарақат алды.

Сайыс соңына қарай өз салмақ дәрежесінде үздік болған 8 балуан финалға жолдама алып, бас жүлде – белбеу мен 150 000 теңге үшін белдесті. Мешіт жамағаты арасында 75 келіге дейінгі салмақта Азамат Жарасов пен Амангелді Асыллов финалда күш сынасты. Ал 75 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Кенжехан Төлепов пен Саят Ысқақ бас жүлдені сарапқа салды. Қос мықты бір-біріне әдіс жасай алмай біразға дейін алысты. Тек Саят Ысқақ үш бірдей ескерту алғандықтан, Кенжехан Төлепов жеңімпаз деп танылды.

Екі ай бойы дайындықтан өткен мешіт өкілдері арасындағы сайыс та тартысты өтті. Нәтижесінде 75 келіге дейінгі салмақта күш сынасқан Елдос Жортымов финалда өзінен 15 келіге ауыр Бақтияр Нұрмахановты жеңді. 75 келіден жоғары салмақта Руслан Қайыргелді мен Абзал Тұрарбеков өзара мықтыны анықтады.

Дегенмен, Абзал Тұрарбеков басым түсіп, бірінші орынды иеленді. Жарыс соңында Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан жеңімпаздарды марапаттап, сыйлықтарды табыстады. Сондай-ақ, қатысушыларды құттықтап, ақ тілегін жеткізді.

Айта кетейік, сайыста үздік атанған балуандарға белбеу және 150 000 теңге берілді. Екінші орын алғандар 100 000 теңге, үшінші орын алған балуандар 50 000 теңге иеленді.

ОНЛАЙН – ЖАРЫС

АҚСАҚАЛДАРДЫҢ
АҚ БАТАСЫ

Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлының бастамасымен өкілдікке қарасты 8 аудан мен шаһар мешіттерінің ақсақалдары арасында бата беруден сайыс ұйымдастырылған болатын.



Бата беру сайысы Алматы Орталық мешітінде қасиетті жұма қарсаңында қорытындыланды. Әділқазылар сайысқа қатысқан 22 ақсақалдың батасын тыңдап, батаның мазмұны, орын-

дау шеберлігі, жатқа айтуы мен қазақы киім үлгісі бойынша критерийлері негізінде бағаланды.

Үздік үштік анықталып, ақсақалдарды наиб мүфти Кенжеәлі Қоңыратбайұлы қаржылай сыйлық және Алғыс хатпен марапаттады. Атап айтсақ, I орын Құрбанәлі Абдыхайымұлы (Алатау ауданы) – 100 000 теңге, II орын Жайсаңбай Қаңтарбаев (Әуезов ауданы) – 70 000 теңге, III орын Берік қажы Әдиев (Медеу ауданы) – 50 000 теңге бұйырды. Ал қалған 19 ақсақалға ынталандыру ретінде қаржылай 10 000 теңге және барлық қатысушыға мүфтият баспасынан шыққан кітаптар жиынтығы салынған қорапша мен бас имам атынан Алғыс хат табысталды.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Білім жүйесі жаңалықтар мен өзгерістер белең алып отыратын ең белсенді сала. Түрлі зерттеулерге сүйенсек, өзгертулер мен толықтырулардың дені де осы білімге қатысты болып келеді екен.



Рая
ЕСКЕНДІР

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

Реформалардың жаңарып отыруы да білім жүйесіне тән. Бір қарағанда білім саласы оңай болып көрінгенімен, оңай шағылатын жаңақ емес. Ең бастысы, білімнің өзгеріп, жаңашылдыққа бой ұрып отыруы экономикамыздың да жақсаруына, қоғамдағы жаңашылдықтардың орын алуына да оң септігін тигізіп келеді. Мәселен, білім саласында жаңалықтар болмаса, бәлкім заманауи өзгерістер болмас та еді. Сондықтан білім жүйесіндегі кез келген жаңалықты жаңашылдық деп қабылдап, үздігін алуға ұмтылған жөн. Осы арада айта кетерлігі, тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік болу керек дейтін қағиданы ұмытпаған жөн. Жалпы, қазіргі таңда, білім саласы бойынша өте маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Елімізде «Жайлы мектеп» жобасы аясында 2023–2025 жылдар аралығында 800 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы мектептер салу жоспарланған. Мектептер 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000, 2500 орынға арналып бірыңғай стандартта салына бастады. Жаңа жайлы мектептердің жобалары қауіпсіз білім беру ортасын құрумен, эстетикалық тартымдылығымен, жоғары білікті кадрлармен, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру пәндері бойынша білім берудің жаңа мазмұнымен ерекшеленетін болады.

Бұл ретте әрбір мектептің білім беру бағдарламалары орналасқан жері бойынша өңірлік ерекшеліктерді ескерілетін болады. Сонымен қатар, салынатын «Жайлы мектептерде» бастауыш сыныптарға, негізгі және орта мектептерге арналған жеке блоктар болады. Спорт залдарының саны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес есептеледі. Спорт залдарын мектепалды даярлық сыныбы үшін және 1–4-сыныптар үшін, 5–11-сыныптар үшін бөлек жеке блоктарда орналастырылады. Дене шынықтыру-спорт аймақтары мен жылжымалы ойындарға арналған алаңдар жабдықталады. Тамақтану немесе буфет залдары бар асханалар да жеке блоктарда мектепалды даярлық сыныбы үшін және 1–4-сыныптар үшін, 5–11-сыныптар үшін бөлек орналасады.

Сондай-ақ, оқу кабинеттері, оқу зертханалары бар физика, химия, биология кабинеттері, 1:1 қатынасында компьютерлермен жабдықталған компьютерлік сыныптар, заманауи жабдықтармен, сондай-ақ логиканы дамытуға арналған кабинеттер, STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері болады. Тек соңғы үш жылдың ішінде жаңадан 592 мектеп ашылып, қолданысқа берілді. Дегенмен, елімізде әлі де 140-қа жуық үш ауысымды мектеп, 33 апатты мектеп бар екен.

«Жайлы мектеп» жобасы осы үш ауысымды оқыту және апатты мектептерде, сондай-ақ қазіргі заманғы стандарттарға сай келмейтін мектептерде оқыту проблемаларын шешу үшін қолға алынған. Әр мектептің білім беру бағдарламасында мектеп орналасқан өңірдің ерекшеліктерді ескеріледі. Жүзеге асырыла бастаған «Жайлы мектеп» жобасында балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына баса назар аударылып отыр. Бір ғана мысал, ілгерідегі 1200 балаға арналып салынған жалпы білім беретін мектептерде бір ғана спорт залы болса, «Жайлы мектептерде» балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, бірнеше спорт зал қарастырылған. Мұндай ерекшелік бұған дейінгі мектептерде болмағаны анық. Мектептегі бір ғана спорт залына әрбір сынып оқушылары дене шынықтыру пәнін кезектесіп өткізуге мәжбүр болған еді.

Жалпы, осы бастаманы қолға алған тұста Оқу-ағарту министрі «Жайлы мектеп» жобасын жүзеге асыру үшін 2026 жылға дейін жедел түрде 120 мың педагог дайындау қажет екенін айтқан еді. Дегенмен, нақты деректерге сүйенсек, соңғы 5 жылда педагогикалық мамандықтар бойынша оқу орнын бітірген 200 мыңнан астам маманның тек 55 мыңы ғана жұмысқа орналасқан көрінеді.

Бұған қоса, әлгі 200 мыңнан астам маманның 31 мыңы грантпен білім алып, түлектердің тек 55 мыңы ғана жұмысқа орналасқан екен. Сонда қалған түлектер қайда? Мемлекеттен бөлінген қыруар қаражаттың



ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ ӘЛЕМ

желге ұшқаны ма? Тіпті, осы көрсеткішке көңілі толмаған Асхат Аймағамбетовтың «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынатын мектептерді педагогтармен қамтамасыз ету үшін қосымша грант бөліп, кадр дайындау қажет емес деген пікірі де осыған саятын сияқты.

Мектеп директорларының біліктілігін арттыруға, атқаратын міндетіне қатысты түрлі пікірлер айтылып қалып жүр. Қоғамдағы пікірлер екіге жарылады. Біреулер мектеп директоры тек білімнің сапасына жауапты болу керек десе, көпшілігі мектепке бөлінетін қаржы-қаражатқа, шаруашылыққа,

«Жайлы мектеп» жобасы маңызы мен ауқымы жағынан бұрын-соңды болмаған Ұлттық жоба

Жобаның негізгі 8 артықшылығы бар.

1. *Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектеп ғимаратының жекелеген блоктарында оқиды. Сәйкесінше олардың өз оқу кабинеттері, спорт залдары, әзжәтханалары болады;*
2. *Балалардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Әр мектепте бейнебақылау, дыбыстық дабыл орнатылады;*
3. *Оқушыларға оқу құралдарын, ауыстыратын киімдерін сақтайтын жеке шкафттар берілді. Кітап оқуына, демалуына, шығармашылықпен айналысуына жағдайлар жасалады;*
4. *Мектептерде заман талабына сай физика, химия, биология, робототехника сияқты кабинеттер болады және әр кабинетке тиісті экрандар орнатылып, оқушылар интернетке қосыла алады;*
5. *Арнайы білімді қажет ететін балалар үшін барлық жағдай жасалады;*
6. *Балалардың жас ерекшелігіне байланысты бірнеше спорт зал қарастырылады;*
7. *Мұғалімдерге де ерекше көңіл бөлінеді. Олардың кабинеттері, кәсіби зоналар, қосымша білім беруге арналған немесе жиын өткізетін залдар сондай-ақ, әр кабинетте интернетке қосылған жеке компьютерлер болады;*
8. *Жайлы мектептер компьютері орталығының ролін атқарады. Әсіресе, бұл ауылдық жерлерге қатысты болмақ.*

Сонымен қатар, жаңадан ашылатын мектептер балаларды еңбекке баулу үшін ресурстық орталық қызметін де атқарады. Тағы бір айта кетері, «Жайлы мектептер» ауылда да, қалада да бір стандартпен салынады. Мектептердің құрылыс жұмыстарымен тек сол мектепке тағайындалатын директорлар ғана емес, еліміздің кез келген азаматы интерактивті карта немесе IP-камера арқылы онлайн режимде бақылап, мектептің тиісті құжаттарымен танысуға мүмкіндік алады.

БӘРІН МЫҚТЫ КАДР ШЕШЕДІ

Жалпы, елімізде 2026 жылға дейін тағы да 100 мыңға жуық педагогикалық маман оқу бітіреді деп күтілуде. Дегенмен, елімізде осыншама кадрға деген сұраныс бар ма? Тіпті, бұл салада тапшылық сезілмейтін де сияқты. Жаңадан салынатын мектептерге көп болса, 40 мыңға жуық педагог қажет болар. Онда да әлгі мұғалімдердің бір бөлігі қазіргі үш ауысымды мектепте істеп жүрген педагогтар болары анық. Олар сөз жоқ, жаңадан ашылған мектептерге ауысады. Яғни қосымша грант бөліп, артық кадр дайындау қажет емес екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Сондықтан ең бастысы – мұғалімдердің саны емес, сапасына назар аударатын уақыт жетті. Онсыз да педагогикалық оқу ордасын бітіріп, сауда орталықтары мен басқа салада жүрген мамандар жеткілікті. Мұғалім мамандығын шын жүрегімен қалап, өз саласына жаны ашитын мамандармен толыққаны құба-құп болар еді. Бұл, ең алдымен, білімнің сапасын арттырып, мемлекеттің шығынын азайтар еді.

Сонымен қатар, соңғы жылдары білім саласында өзекті мәселелер де жоқ емес.

ды қамтамасыз ететін тәсіл болмақ. Алдағы екі жылда Қазақстанда 842 мың оқушыға мектеп салу үшін республикалық бюджеттен 2,6 триллион теңге бөлінген. Сонымен қатар, соңғы 3 жылдың ішінде мұғалімдер саны 1 миллионға өсіп, бүгінде 3 миллион 700 мыңға жеткен.

Білім сапасымен қатар, енді мектеп оқушылары арасында этносаралық қатынастарды нығайтатын жұмыстар да жүргізіле бастайтын болады.

Бұл ретте министрлік азаматтарды тілдік қағидат бойынша кемсітуге жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізетін болды. Бұл туралы Үкімет қаулысының жобасында кеңінен жазылды. Білім жүйесіндегі бұл толықтыру Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XXXI сессиясында берілген тапсырмаларын орындау аясында енгізілді.

ЦИФРЛЫ ПРОФИЛЬ ДЕГЕН НЕ?

Білім жүйесінің сапасын арттыру мақсатында Оқу-ағарту министрлігі тағы да бір жақсы бастаманы қолға алып, ағымдағы жылдың желтоқсан айынан бастап, мұғалімнің цифрлы профилі жобасын іске қосқалы отыр. Аталмыш жобаның артықшылығы неде? Мұнда, яғни профилде мұғалім мен оның жетістіктері туралы ақпарат жарияланатын болады. Осыдан аз ғана уақыт бұрын Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов 2022 жылғы желтоқсанда мұғалімнің цифрлы профилі пилоттық режимде іске қосылатыны жөнінде хабарлаған еді.

«Профиль педагогтерге түрлі қызметтерді алуға көмектесетін бірыңғай жүйе болады. Егер мұғалімге бос орындар конкурсына қатысу, аттестация үшін құжаттарды тапсыру, «Жыл мұғалімі» ретінде конкурстар, курстарға қатысуға сұраныс жасау қажет болса, өтініш автоматты түрде қалыптасады. Осылайша барлық қолжетімді және қажетті деректер Ұлттық білім беру деректер қорынан алынып отырады», – деді министр.

Сондай-ақ енді пәндерді оқытудың инновациялық әдістері енгізіліп, қажетті оқу материалдары цифрлы форматқа ауыстырылады.

Қазір оқулықтарды цифрлы форматқа көшіру жұмыстары жүргізіле бастады. Балалар цифрлы сабақтар, жаттығулар мен тапсырмаларға қосымша қол жеткізіп, мектепте дәстүрлі баспа болады. Осыған орай, қоғамда оқушыларға планшетпен неше минут сабақ болады деген сауал қызу талқыға түсіп жатыр. Оқулықтар үйреншікті дәстүрлі қағаз және цифрлы форматта қолжетімді болады.

Арнайы бекітілген ережеге сәйкес 1-сынып оқушылары үшін 15 минут белгіленсе, 9–11-сынып оқушылары мұндай сабаққа 30 минуттан артық қатыспауы тиіс. Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық жаңа талаптар жобасын талқылауға ұсынды. Құжат жобасында тікелей бейнетерминалмен, дербес компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде келесі өлшемдерге сәйкестігін зерделейтін болады.

Бекітілген талаптарға сай мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1-сыныптарда – 15 минуттан, 2-3-сыныптарда – 20 минуттан, 4-5-сыныптарда – 25 минуттан, 6-8-сыныптарда – 25 минуттан, 9–11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспауы керек. Аталған шектеулер мектеп оқушыларының жеке компьютермен жұмыс істеу кезінде денсаулығына келетін зиянның алдын алу үшін енгізілмекші.

Қай салада болсын, қаржылық сауаттылық ауадай қажет. Биылғы оқу жылында еліміздегі және Алматы қаласындағы 300-ге жуық мектеп пен 34 жоғары оқу орнының, 40 колледждің 17 мың шәкірті қаржылық сауаттылық бойынша дәріс алып жатыр. Мәселен, мектептер мен университеттерде Қаржы мониторингі агенттігінің аумақтық департаменттеріндегі қызметкерлер алғаш рет «Қаржылық қауіпсіздік» дәрістерін өткізіп, жастарға қаржылық қылмыс саласындағы ең өзекті қоғамдық мәселелерді таныстырды.

Осы ретте қаржылық қылмыс түрлері мен тәсілдері туралы, оның ішінде заманауи ақпараттық технологияларды, блокчейндер мен криптовалюталарды қолдану арқылы тақырыптық сабақтар жоспарлануда. Тағы бір мәселе Алматыдағы мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиешілер тапшылығы байқалады. Мәселен, дәл қазір тапшылық мөлшері шамамен 35-40 пайызды құрап отыр. Мамандандырылған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына логопед, дефектолог, музыкалық жетекші, медбике, есепші, тәрбиешінің көмекшісі сияқты мамандар ауадай қажет. Сонымен бірге, мамандар тапшылығымен қатар, балабақшадан кезегін күткен 43 мың бүлдіршін бар. Бәрі оң шешім табады деген үміттеміз.

КАТАР – 2022

Әлем чемпионатындағы бапкерлер бәсекесі

Күн өткен сайын Әлем чемпионаты қызып келеді. Топтық ойындар да мәресіне жақындап қалды. Сәйкесінше, Катардан ерте қайтқан алғашқы командалар да анықталды. Келесі кезеңге шыққан ұжымдар да белгілі болып жатыр. Әлбетте, алаңда ойынды жасайтын футболшылар ғой, дегенмен бапкерлерді де ұмытпау қажет. Ендеше, бапкерлер бәсекесіне де көз жүгіртіп шығайық.



Футболда «жартылай қорғаушыларыңды көрсет, команданың қалай ойнайтынын айтып беремін» деген сөз бар. Ал команданың ойыны, тактикалық жүйесі бәрібір бірінші кезекте бас бапкерге байланысты. Аутсайдердің өзін алға атоылап шабатын команда ететін де бас бапкер, фавориттің өзін қорғанысқа тығып тастайтын да бас бапкер. Сондықтан жаттықтырушы таңдауда қателеспей – әрбір құраманың басты мақсаты.

Катарда өтіп жатқан футболдан Әлем чемпионатында 32 құраманың 23-і өз елінің азаматтарына арқа сүйепті. Бұл тұрғыда африкалықтар таңғалдырды. Бұрын бұл елдердің құрамаларын көбіне франциялықтар немесе немістер жаттықтыратын. Осы жолы Африка құрлығының бес құрамасы да өз мамандарына сенім артқан.

Ал Әлем чемпионатындағы тоғыз Федерация бас бапкерді сырттан тартуды жөн көрген. Бұл тұрғыда Азия елдері алда. «Сары құрлықтың» атынан қатысып жатқан алты құраманың төртеуі бас бапкерлерін сырттан алдыртқан. Тек Аустралия мен Жапония ғана өз мамандарына адалдық танытты.

Жалпы, биылғы мундиальда бас жаттықтырушы ретінде Аргентина, Португалия және Испания елдерінің мамандары көп. Нақты айтсақ, үшеуден. Алдымен аргентиналық мамандарға тоқталсақ. Лионель Скалони «Албиселестені»

жаттықтырады, Мароккода Херардо Martino бар, Густаво Альфонсо Эквадормен бірге топтық кезеңнен аса алмай, ұшып кетті.

Португалдардан Фернанду Сантуш өз елінің командасын жаттықтырса, Оңтүстік Кореяның тізгінін Паулу Бенту ұстапты, ал Иранды тәжірибелі Карлуш Кейруш жаттықтырады. Пиреней түбегінің тағы бір елі Испаниядан Луис Энрике «Қызыл фурияны» баптаса, дода қожайындары Катарда каталониялық Феликс Бас Санчес бар, ал Бельгияны Әлем чемпионатына Роберто Мартинес алып шықты. Негізі, бұл тізімге Францияны да қосуға болады. Мұнда өз елін жаттықтыратын Дидье Дешам мен Сауд Арабиясымен бірге сенсация жасаған Эрве Ренар бар. Сондай-ақ, Марокко құрамасының бас бапкері Валид Реграридің де туып-өскен жері – Франция. Сол елдің ауасын жұтып, суын ішті. Сол елдің чемпионатында доп тепті. Қазір де тұрақты баспанасы Францияда. Дегенмен, кейін Марокко азаматтығын алып, африкалық елдің намысын қорғауды жөн көрді.

Сонымен, биылғы дүниежүзілік біріншіліктегі бас бапкерлер бәсекесінде қай жаттықтырушы жеңер екен? Бір қызығы, ешқашан сырттан келген маман ұлттық құраманы чемпиондық атаққа жеткізе алмапты. Биыл да солай болатын сияқты.

#	Команда	Бапкері	Азаматтығы
1	АҚШ	Грегг Берхалтер	АҚШ
2	Англия	Гарет Саутгейт	Англия
3	Аргентина	Лионель Скалони	Аргентина
4	Аустралия	Грэм Арнольд	Аустралия
5	Бельгия	Роберто Мартинес	Испания
6	Бразилия	Тите	Бразилия
7	Гана	Отто Аддо	Гана
8	Германия	Ханс-Дитер Флик	Германия
9	Дания	Каспер Юльманн	Дания
10	Жапония	Хэджиме Мориясу	Жапония
11	Иран	Карлуш Кейруш	Португалия
12	Испания	Луис Энрике	Испания
13	Камерун	Ригобер Сонг	Камерун
14	Канада	Джон Хердман	Ұлыбритания
15	Катар	Феликс Бас Санчес	Испания
16	Коста-Рика	Луис Фернандо Суарес	Колумбия
17	Марокко	Валид Реграри	Марокко/Франция
18	Мексика	Херардо Martino	Аргентина
19	Нидерланд	Луи Ван Гал	Нидерланд
20	Оңтүстік Корея	Паулу Бенту	Португалия
21	Польша	Чеслав Михневич	Польша
22	Португалия	Фернанду Сантуш	Португалия
23	Сауд Арабиясы	Эрве Ренар	Франция
24	Сенегал	Алиу Сиссе	Сенегал
25	Сербия	Драган Стойкович	Сербия
26	Тунис	Джалил Кадри	Тунис
27	Уругвай	Диего Алонсо	Уругвай/Италия
28	Уэльс	Роб Пейдж	Уэльс
29	Франция	Дидье Дешам	Франция
30	Хорватия	Златко Далич	Хорватия
31	Швейцария	Мұрат Якин	Швейцария/Түркия
32	Эквадор	Густаво Альфонсо	Аргентина

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА: Катарда топтық кезеңнің соңғы тур ойындары өтіп жатыр.

«А» тобында Нидерланды мен Сенегал, «В» тобында Англия мен АҚШ құрамалары 1/8-финалға жолдама алды.

Түнде плей-офф кезеңіне өткен тағы төрт команда анықталды. «С» тобында Тунис пен Франция және Аустралия мен Дания құрамалары кездесті. «D» тобында Польша – Аргентина, Сауд Арабиясы – Мексика матчтары өтті. Ал Эквадор, Катар, Иран және Уэльс футболшылары Әлем чемпионатымен ерте қоштасты.

3-турдың аяқталған ойындарының нәтижелері:

«А» ТОБЫ:
Нидерланд – Катар 2:0
Эквадор – Сенегал 1:2

«В» ТОБЫ:
Уэльс – Англия 0:3
Иран – АҚШ 0:1

БОКС

Алматыда әуесқой бокстан Азия чемпионатының жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Иордания астанасы Амманда өткен аламанда атой салған боксшыларға қаржылай сыйлықтар табысталды.

Азия чемпиондары бес миллион теңгеден алды

«Сары құрлық» бәсекесінің жеңімпаздары Алуа Балқыбекова (48 келі), Жайна Шекербекбаева (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі), Санжар Тәшкенбай (48 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі) және Айбек Оралбай (92 келі) ҚБФ президентінен 5 миллион теңгеден алды.

Күміс жүлдегерлер Гүлсая Ержан (81 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Серік Теміржанов (57 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Нұрқанат Райыс (75 келі) және Қамшыбек Қоңқабаевқа (+92 келі) 2 миллион теңгеден табысталды.

Ал қола жүлдегерлер Назым Қызайбай (50 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Мәдина Нұршаева (66 келі), Дариға Шәкімова (70 келі), Ләззат Күнгейбаева (+81 келі), Саматәлі Төлтаев (60 келі), Нұрбек Оралбай (80 келі), Сағындық Тоғамбай (86 келі) 1 миллион теңгеден иеленді.

Сондай-ақ, Қайрат Сәтжанов пен Шәміл Сафиуллин бастаған бапкерлер қосыны 1,5 миллион теңгеден алса, боксшылардың жеке бапкерлері мен өзге қызметкерлерге 1 миллион теңгеден берілді.

Айта кетейік, келесі жылы боксшыларымызды Ташкентте өтетін Әлем чемпионаты мен Қытайда өтетін Азия ойындары күтіп тұр. Халықаралық бокс қауымдастығы Өзбекстандағы дүниежүзілік додада жеңімпаздар 200 мың АҚШ долларын алатынын хабарлап үлгерді. Бұдан бөлек, Әлем чемпионатында топ жарған Ұлттық құрама боксшыларына Кеңес Ракышев өз есебінен 100 мың доллардан беретінін мәлімдеді.

Естеріңізге сала кетейік, Иордания астанасында өткен Азия чемпионатында Қазақстан боксшылары ерлер мен әйелдер құрамасының нәтижесін қоса есептегенде жалпы есепте 1-орын алды. Қоржынымызда 6 алтын, 7 күміс пен 8 қола бар. Барлығы 21 жүлде. Жалпы есепте екінші орынды – Өзбекстан (6 алтын, 3 күміс, 4 қола) алса, үшінші – Үндістан (4 алтын, 2 күміс, 5 қола) түйіндеді.



ЕСКЕК ЕСУ

Тайландтағы жарыс

Тайландтың Паттайя қаласында академиялық ескек есуден ересектер мен жастар арасындағы Азия чемпионаты басталды. Желтоқсанның 4-іне дейін жалғасатын сайыста ел намысын 22 спортшы қорғап жатыр.

Он сегіз елдің 150-ге жуық спортшысы бас қосқан «Сары құрлық» додасындағы ересектер бәсекесінде 13 (11 еркек, 2 әйел) ескек есушіміз бар. Сонымен қатар, 9 жас спортшымыз (3 еркек, 6 әйел) да Азия чемпионатына қатысуда. Олардың кейбірі ересектер арасындағы бәсекеде де өнер көрсетіп жатыр. Мәселен, Роза Кеңес, Валентина Волковава, Медина Қоңырбаева, Екатерина Носкова кварталі іріктеуде өз тобында мәреге бесінші болып жетіп, 3 желтоқсанда өтетін финалға жолдама алды.

Ерлер арасында Әділет Керімбек, Қуаныш Бекбембетов, Данил Петренко мен Бапан Асхамбек командасы да іріктеуде 6-орын алып, 3 желтоқсанда өтетін финалға шықты.

Сондай-ақ, жастар арасындағы жұптық бәсекеде Мелани Жақыпова мен Анжела Полянина дуэті іріктеу кезеңінде өз тобында 4-сатыға тұрақтады. Енді олар 3 желтоқсандағы финалда бақ сынайды.

Ескек есушілеріміз жекелей сында да бақтарын сынады. Дегенмен, ешқайсысы финалға тікелей жолдама ала алған жоқ. Бәрі де жұбаныш бәсекелерінде бақтарын сынап, финалға берілер қосымша жолдамаларға таласады.

Әзірлеген
Әзиз ЖҰМАДІЛ.



РОЗА БАҒЛАНОВА – 100



АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АРУ

Биыл еліміз ұлтының мақтанышына айналған қайталанбас тұлғалардың мерейтойларын атап өтіп жатыр. 2021 жылы ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының 2022-2023 жылдарға арналған естелік даталар күнтізбесінің тізіміне КСРО және Қазақстанның халық әртісі Роза Бағланованың 100 жылдығы енген еді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Осыған орай, қалалық Денсаулық сақтау басқармасына қарасты Жоғары медициналық колледжінде «Аңызға айналған ару» атты сазды сырласу кеші ұйымдастырылып, оған әншінің келіні Марал Бағланова қатысты. Сонымен қатар, әншімен ұзақ жыл қызметтес болып, 15 жыл бойы концертін жүргізген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызы, белгілі қоғам қайраткері, «Алматы қаласының Құрметті азаматы» Асылы Осман кештің құрметті қонағы болды. Аталмыш кешке студенттердің жан-жақты дайындалғандары бірден байқалады. Мәжіліс залында Роза Бағланованың өмір жолынан сыр шертетін көрме мен суреттер байқауының үздік жұмыстары қойылған. Кездесуге арнайы шақырылған Марал Бағланова жиналған қауымға атақты әншінің белгісіз қырлары туралы сыр шертті.

– Жалпы, мен бақытты адаммын. Жүздеген қыздың арасынан атақты әншінің отбасына келін болу, аңызға айналған кісінің шәйін беріп, ұрпағын өсіру бақыты маған бұйырды. Бұл да Тәңірдің бір сыйы болар. Ол кісінің біздің ауылға құдаларды басқарып сонадайдан көліктен түсіп, жаяулап келуінің өзі тектілік емес пе? Осынау аңыз адаммен болған тарихи сәтті ауылдастарымыз әлі күнге жыр ғып айтады. Менің де көз алдымда сақталып қалды.

Ауылдың кісілері атақты әнші келе жатыр деп, үлкен дайындық жасағаны күні бүгінге дейін есімде. Сол кезде анамыздың атақты әнші емес, қарапайым ғана құдағи болып, екі жастың жарасымды отбасын құруына тілекші болып, сөйлеген сөзін қалай ұмытайын. Қазір анамыздың шаңырағында тұрып жатырмыз. Ол кісі де бізбен тұрып жатқандай. Кейде тіпті түпкі бөлмеден шыға келетіндей боп тұрады. Біздің анамыздың мерейтойы аясында елімізде 400-ге жуық іс-шара, олардың 25-і республикалық деңгейде, ал 5-еуі халықаралық деңгейде өткізілді. Әлі де өтіп жатқандары қаншама! Сондықтан осынау іс-шараларды өткізуге зор қолдау көрсетіп отырған Мемлекет басшысына отбасымыздың атынан ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Марал Бағланова.



Әйгілі әншімен талай гастрольдік сапарларға шығып, үнемі қасынан табылған Гүлшара Есетқызының естелігі тіпті қызықты болды.

– Роза апам мені «Жарқылдағым» деп үнемі еркелетіп, атылды атамай кетті. Ол кісінің сөйлеген сөзі, ішкі мәдениеті деген керемет еді ғой. Әлі есімде, талай мәрте шетелге барған сапарымызда көрермендер Роза апамды сахнадан жібермей, тіпті қонақұйдің алдында айнала қоршап, қошемет көрсетіп тұрып алған да сәттер болды. Біздің елімізде Роза Бағланованың мерейтойы кең көлемде тойланып жатыр.

Биылғы жылды тұтастай Бағланова жылы деп атаудың өзі бұл өнерге көрсетілген құрмет дер едім. Әншінің мерейтойы өзі қызмет еткен «Қазақконцертте» ашылған көрмемен басталды. Орталық концерт залында Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойының ресми шарасы, өнер шеберлерінің концерті өтті. Одан кейін елордамызда, Қызылорда, Алматы қалалары және ЮНЕСКО-мен бірлесіп Парижде, Мәскеу қалаларында мерекелік концерттер өтті.

Астана қаласындағы музыка мектептерінің біріне Роза Бағланованың есімі беріліп, әншінің бюсті орнатылса, Қызылорда қаласының орталық алаңында, Алматыдағы Қалдаяқов пен Төле би көшелерінің қиылысында еңселі ескерткіш ашылды. Сонымен қатар, Алматыдағы білім мекемелерінде Роза Бағланованың мерейтойына арналған фестивальдер, концерттер, кештер, семинарлар, көрмелер, конференциялар өткізіліп жатыр. Қазақ бар жерде, ән бар. Ән бар жерде біздің Роза апамыз бар, – деп Гүлшара Есетқызы тебірене еске алды.

Саңлақ әншімен өткізген сәулелі сәттерді еске алған Асылы Осман қайталанбас тұлғаның батылдығын, ұлтына деген жанашырлығын, құрметін, дара қасиеттерін тізбектей айтып, көркем келбетін еске салды. Кездесу барысында колледж кітапханашысы Әлия Тайшыбекова әншіге арналған кітап көрмесімен таныстырды.

Кештің соңы колледж студенттері орындауындағы әндерге ұласты.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

ҚАЙЫР ХАНҒА ЕСКЕРТКІШ ҚОЮ КЕРЕК!

Тарлан тарих сыр ғып, жыр ғып шертеді: Шыңғыс ханның аяуды білмес, қатыгез, қайсар ұлы Шағатай екі жүз әскерменен кіп-кішкентай Отырарды алты ай бойы ала алмады. Ала алмаған себебі – Отырар халқының бірлігі бекем, рухы асқақ, ел басқарған көсемі – Қайыр хан дара туған дана еді, қайсарлығымен де, ерлігімен де дара еді.



Алты айдан кейін де ала алмайтын еді, егер бір сатқын Шағатайға Отырардың қақпасын ашып бермесе. Қаһарлы Шыңғыс ханның алдында тұтқын болып отырып та тізе бүкпей асқақтап тұрды, өр рухты Қайыр хан. Дара туған дана батырдың ерлігі ақиқатпен астасқан аңыз болып жетті бүгінге. Отырардың өр рухты ер перзенті Қайыр ханның есімі мен ерлігі халықпен бірге жасасып келеді.

Өкініштісі, елін сүйген, есімі ерліктің символына арналған рухты ерге құрметтеуіміз кемшін.

Өлген соң да ораламыз рух боп,

Шыға келіп айқасамыз көрден біз, –

деп Шандор Петефи жырлағандай, өлген соң да аңызға айналған ерлігімен ел мен ердің рухын асқақтатып тұрған Қайыр ханға Отырарда, Алматы мен Астанада еңселі ескерткіш қоятын кез келді.

Қайыр хан ескерткіші жастың да, жасамыстың да патриоттық сезімін оятып, халықтың рухын асқақтатуға қызмет етер еді.

Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
Махмұд Қашқари атындағы
«Түрік әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін»
халықаралық сыйлығының иегері.
(«Ақшамның» хатқоржынынан).

ЖОЛАУШЫ НАЗАРЫНА!

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ШЕКТЕУ

Аязға байланысты
Қазақстанның 5 өңірінде
жолдар жабылды



«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің хабарлауынша, Қазақстанның бес өңірінде ауа температурасының төмендеуіне байланысты жол қозғалысына шектеу енгізілді.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында рейстік жолаушылар автобусы мен дизельдік отынмен жүретін автокөліктер үшін жол қозғалысы шектелді.

Жетісу облысында «Алматы-Өскемен» тас жолының 558-615 шақырымында Үшарал қаласынан Абай облысының шекарасына дейінгі учаскесінде; Павлодар облысында «Омбы-Майқапшағай» тасжолының 426-587 шақырымында Павлодар қаласынан Абай облысының шекарасына дейінгі учаскесінде рейстік жолаушылар автобусы мен дизельдік отынмен жүретін автокөліктерге жолға шығуға тыйым салынды.

Қарағанды облысында «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» тасжолының 249-320 шақырымында Бүркітті кентінен Абай облысы ауданының шекарасына дейінгі аумақта рейстік жолаушылар автобусы мен дизельдік отынмен жүретін автокөліктер үшін қозғалысқа шектеу енгізілді.

Құралай ЖҰМАДИЛОВА.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықтау рәсімінде «Көпшілік қазіргі уақытта нағыз батырлардың жетіспейтінін айтады. Бірақ нағыз қаһармандар жұрттың назарынан тыс жерде. Олар біздің арамызда.

Досбол
АТАЖАН

Батырлар күн сайын зауыт станогында жұмыс істейді, қоғамдық көлік жүргізеді, ұшақ штурвалына отырады, құтқарушының қорғаныс киімін киеді, науқасқа жедел жәрдем беруге асығады, әскери техниканы меңгереді... Міне, осындай еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деп атап өтті. Бұл сөздерде үлкен мән бар. Ешкімнің қолына қарамай, отбасы үшін адал ас тауып, оған қоса өз еліне қызмет етіп жүрген азаматтарымыздың ерен еңбегі бар. Алматыда өз кәсібін тапқан Қанат Қалижанов та осындай еңбек адамдарының бірі. Ол шаһар тұрғындарының шашын қысқартып, оларға өз шеберлігімен қуаныш сыйлайды.

Қазақ мектебі үшін күрес

Бүгінде өз кәсібін алып шаһар Алматыдан тапқан біздің кейіпкер – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының тумасы. Дегенмен, Қанаттың балғын балалық шағы Өскемен қаласында өткен. Әкесі полиция қызметкері, анасы ұстаз болған. Сондықтан ол кішкене күнінен білімге құштар, еңбекке жақын боп өскен. Алайда, бала Қанаттың оқушы шағы кеңестік кезеңнің соңғы жылдарына тура келген. Сондықтан ол бастауыш сыныптарда туған тілінде тәлім ала алмапты. Дегенмен, кейіпкеріміздің анасы «өз тілінен ажырап қалмасын» деп, баласын қаладағы жалғыз қазақ лицейіне апарған.

– Ол кездері балабақша да, мектеп те – бәрі орыстілді еді. 6-сыныпқа дейін орыс тілінде білім алдым. Алайда, анам қазақ тілінде оқығанымды қалады. Сол себепті, құжаттарымды қаладағы жалғыз қазақ лицейіне тапсырған. Бірақ олар «біз тек ауылдың балаларын қабылдаймыз» деп мені алмай қойыпты. Осы кездері қазақ мұғалімдерінің «қазақтілді мектеп керек» деген бейбіт шеруі өтеді. Нәтижесінде №23 орыс мектебінің бірінші қабаты қазақ оқушылары үшін беріледі, – деп еске алады ол.

Бұл оқиғаны Қанаттың анасы да қуана қарсы алған. Енді ол баласының құжаттарын жаңа мектепке апарса, алдынан тағы бір қиындық шыға келген:

– Қазақ мектебіне барсақ, оқушыларды тек 6-сыныпқа қабылдап жатыр екен. Себебі, 7-сыныпқа бала жетіспейді. Анамның батылдығы болар, айналаның бәрі орыстілді кезде ештеңеге қарамай мені 6-сыныпқа қайта берді. Өз тілінде оқысын деді. Сөйтіп, бір топқан оқып шыққанымда, қуанышымызға орай 7-сынып ашылды. Мен қайтадан өз жасыма сай сыныпқа

ҚАНАТТЫҢ ХОББИИ

Оның қолында қайшысы, жүрегінде өмірлік қағидасы бар



ауыстым. Кейінірек №23 мектеп түгелдей қазақ мектебіне айналды. Бүгінде қазақ мектебіне беремін деп күрескен анама алғыс айтамын.

Жаңа мекен, жүрекке жақын мамандық

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары халық тұрмысы төмен болғаны ешкімге жасырын емес. 90-жылдардың қиындығы Қанаттың да отбасын айналып өтпеген. Сондықтан кейіпкеріміз отбасымен бірге 1997 жылы ордалы өлке Алматыға көшіп келіп, қала жанындағы Талдыбұлақ ауылына қоныс тебеді.

Бұл шақта мектепті бітірген ол

ҚазИТУ-ға оқуға түскен. Алайда, тұрмыстық жағдай алаңсыз білім алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан жас жігіт жұмыс істеуге бел буады.

– 1997 жылы жаңа жұмысқа орналастым. Бірақ ол жер 1-2 күннен кейін кел деді. Ал менің қалтамда көк тиын жоқ. Енді жұмысқа шыққанша кімнен 500 теңге қарыз алсам болады деп ойланып жүрдім. Содан бірнәрсесі білгендей далаға шығып, Құдайдан ақша тауып алсам деп тіледім. Шынайы сұрағаныңды Жаратушымыз да береді екен, жаяу жүріп келе жатып, Төле би мен Әуезов көшелерінің қиылысында 4 мың теңге тауып алдым. Қуанышым қойныма сыймай, үйге азық-түлік алып қайттым, – деп сол бір күндерден сыр шертті ол.

Жаңа мекендегі Қанаттың қолға алған жұмысы шаштараздық болды. Ол алдымен, шаруадан қолы босамайтын өз жақындарының шашын алатын. Алайда, өз икемділігін байқаған соң, Талғарға барып арнайы осы мамандықты оқып шығады.

– Шаштараз мамандығына оқып жүргенімде ең үздік тәлімгердің бірі ретінде мені шаш алатын кабинетті басқаруға жіберді. Онда төрт орындық бар. Енді үйреніп жүрген қыз-жігіттердің практикасына көмектесуім қажет. Сонда бізге тегін шаш алуға адамдар келеді. Бір күні тәжірибеден өтіп жүрген қыз алдындағы адамның кекілін түгел алып тастапты. Содан шу шықпаса бар ма? Тәлімгер қыз «оның кекілі басынан болған жоқ» десе, ана жігіт «жоқ, кекілім болған» дейді. Иә, мұндай қызық та, күлкі оқиғалар оқу кезінде көп болатын. Өзімнің өмірлік жарыммен де осы шаштараздықты оқып жүріп таныстым, – дейді ол.

«Халыққа қызмет ету бұйырды»

Білімі мен тәжірибесі толыққан соң, Қанат қолына қайшы алып, шаштараз ретінде жұмыс істеуді бастайды. Алғашқы кезде Талғарға келіп, шаш алады. Алайда, біршама уақыт өткенде кәсібін қаладан іздеуді жөн көреді. Нәтижесінде, ол қаладағы шағын салондардың біріне жұмысқа орналасады.

– Ол кезде құрал-жабдықтарым аз. Шаш алуға келетін адамдар да көп емес. Сондықтан бастығымыз аула тазалаушы іздегенде, ол жұмысты да өзіме қатар алдым. Одан кейін салон ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болды. Оны да өз мойныма арттым. Осылайша шаштараз боп кірген салонда бірнеше жұмысты бірге істедім. Шүкір, сөйтіп жүріп аяққа тұрып, адам боп кеттік, – деп күледі Қанат.

Иә, еңбек жолын осылай бастаған кейіпкеріміз қазіргі уақытта өз саласының нағыз шебер маманына айналған. Ол бүгінде алдына келген әр адамның ыңғайын тауып, қажетті шаш үлгісін жасап, өзіне жүгінген адамдардың сенімін ақтап жүр.

– Халыққа қызмет ету бұйырды. Бірақ көпшілікпен жұмыс істеу оңай емес. Біреу көңілсіз, енді біреу ашуланып келеді. Әрқайсысымен тіл табысып, сұраған шаш үлгісін жасау – біздің міндетіміз. Дегенмен, алынған шаштың сәтті шығуы адамның өзіне де байналысты. Мінезі жақсы, көңілі таза адамның шашы қандай қатты болса да, оны икемге келтіре аласың. Ал өзі қиын адамның шашын алу да қиын болады, қолың жүрмейді.

Кейде адамдар «бүгін маңызды кездесуім бар», «тойға барамын» деп өз жағдайларын айтып жатады. Сондай кезде ақша үшін емес, адам көңілі үшін барынды са-

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«Келіндер көтерілісі»

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, F.Мүсірепов театры.

Спектакль авторы: Саид Ахмад.

Қоюшы-режиссері: Мұрат Ахманов.

Аударған: Асқар Сүлейменов.

Жанр: комедия.

Ұзақтығы: 2 сағат.

Күні мен уақыты: 2 желтоқсан, 18.30.




«Бояулар мерекесі» көрмесі

Өтетін орны: Алмалы ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 132. «Алматы мұражайы».

Көрмеде: Суретші түсті туындының өзін-өзі басқаратын объектісі ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, ол түс пен сызық, пәндік пішін және үш өлшемді кеңістік арасындағы көрнекі диалогқа да қызығушылық танытады. Мысалы, күздің суреттерін салу үшін Салтанат күзгі ашық табиғи түстерді пайдаланады, бірақ екінші және үшінші жоспардағы үнсіз тондардың, ақ дақтардың қарама-қайшылықтарының және бірінші жоспардағы қараңғы сызықтық үлгісінің арқасында оларды күйдіріп, жарқыратады.

Күні мен уақыты: Экспозицияны желтоқсан айының 24-іне дейін тамашалай аласыздар!
Жас санаты: 3+.



Movida boxing

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Алматы Арена» мұз айдыны.

Өтетін күні: 11 желтоқсан, 18.00.

Жас шектеуі: 12+

Кездесу: Кештің басты жекпе-жегінде жеңіліс дәмін татпаған кәсіпқой рингтің хас шебері Жанқош Тұраров аса қауіпті испаниялық боксшы Энрике Луиспен IBO Intercontinental чемпиондық белбеуін сарапқа салады. Сонымен қатар, еліміздің талантты әрі жойқын боксшыларының бірі Елхан Табынбаев WBC Intercontinental титулы үшін бразилиялық Матус Де Сильвамен қолғап түйістіреді.





үшін емес, адам көңілі үшін барынды саласың. Келген адамдар істеген жұмысыңа риза болса, өзім де жақсы боп қаламын, – дейді.

Әке көрген оқ жонар

Әр жұмыстың өз қызығы мен қиындығы бар. Сырт көзге жеңіл көрінетін шашта-раз мамандығының ауыртпалығы да біраз жылдар өткен соң, біздің кейіпкеріміздің денсаулығына өз әсерін тигізген:

– Бұл жұмыста істегеніме 20 жылдан асты. Бірыңғай тік тұрып жүргендіктен қазір белім ауыратынды шығарды. Сондықтан дәрігерлерге қаралып, ем алдым. Бірақ оның әсері бола қойған жоқ. Содан йогаға барып көрдім. 3-жаттығу күнінен кейін бойымдағы ауыртпалық жоғалды. Гимнастиканың осы түрі өзіме қатты ұнап қалды, денсаулығым қалыпқа келді. Сол себепті, йога оқуын тәмамдап, одан бірнеше мәрте сабақ та бердім. Қазір хоббиім десе болады. Алайда, алдағы уақытта осы салаға шындап көңіл бөліп, қазақша йога үйірмесін ашуды жоспарлап отырмын, – дейді кейіпкеріміз.

Қанат бос уақытында жеке хоббиінен бөлек, бала тәрбиесіне де аса мән береді. Жұбайы Айсулумен бірге үйдегі төрт баласының (үш ұл және бір қыз) бойына тек жақсы қасиеттерді сіңіруді мақсат тұтады. «Әке көрген оқ жонар» демекші, өз ісімен балаларына үлгі болуға тырысады.

– Балаларым әлі кішірек кезде бір қызық оқиға болды. Үлкен балам 8 жаста, екінші ұлым 6-да еді. Екеуін алып, қаладағы автобустардың біріне отырғанмын. Кондукторға жолықақсыз берсем, ол маған артық ақша қайтарыпты. Балаларыма үлгі болсын деп олардың көзінше кондукторға артық ақшаны қайтардым. Үлкен ұлым: «әке, ол ақшаны неге қайтардың? Одан да бізге балмұздақ алып бермедің бе» дегені бар емес пе (деп күліп жіберді ол). Сонда мен «балам, бұл ақша сол кісілердің еңбегі. Біреудің ақысына жеуге болмайды» деп түсіндірдім.

Халықпен жұмыс істеген соң байқаймын, қазір адамдардың жүрегі суып кеткен. Адамгершілік жетіспейді. Сондықтан шамам келгенше өз балаларымды адал да әділ болуға баулып келемін. Сондай-ақ, оларға туған тілінде «әке», «ана» деп айтқызып, кішкене күнінен қазақша тәрбиені беруге тырыстық.

ТҮЙІН:

Халқымызда «Жақсыны көрсең – көңілің ашылады» деген сөз бар. Қолымен қайшысын, жүрегімен өмірлік қағидасын ұстаған еңбек адамымен танысу біздің оқырмандарымыздың да көңілін ашып, көпшілік біле бермейтін көлеңкедегі батырларды тануға көмектеседі деп ойлаймыз.

БАЛЕТ

ПРИМА-БАЛЕРИНА

Талантты балетмейстер Гүлжан Түткібаева сүйікті театрының сахнасында шығармашылық қызметінің 40 жылдығын атап өтті

Екі бөлімнен тұратын кеш Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өтті. Оның көркемдік жетекшісі және бас балетмейстері Гүлжан Түткібаева болды. Аталмыш кеште «Астана Опера» және «Астана балет» солистері классикалық және заманауи балеттердің үзінділерін орындады. Киелі сахнада балетмейстердің шәкірттері, халықаралық байқаулардың лауреаттары кәсіби шеберліктерін көрсетті.



Суреттерді түсірсең Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Кеш құттықтаулардан басталды. Сахнаға Абай атындағы Опера және балет театрының директоры ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұрбақыт Бөкебаев, Алматы хореографиялық училищесінің көркемдік жетекшісі, республиканың Хореографтар одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Людмила Ли, РСФСР еңбек сіңірген әртісі Юрий Васиченко қатысты.

Олар Гүлжан Түткібаеваның отандық балеттің дамуына басты партияларды билеген балерина ретінде және театр үшін бірқатар көрнекті спектакльдерді сомдаған хореограф және балетмейстер ретінде қосқан үлесін атап өтті. Белгілі Селезневка педагогы және Жүргенов атындағы ҚазҰОА профессоры ретінде ол хореографиялық өнер саласындағы кәсіби мамандарды тәрбиеледі. Айта кетейік, Гүлжан Түткібаеваның тәрбиеленушілері Мәлік Еркібаева, Богдан Вербова және Ескали Қаскарбай осы жазда Мәскеудегі беделді XIV Халықаралық балет әртістерінің байқауында сәтті өнер көрсетті. 1969 жылы құрылғаннан бері оның тұрақты төрағасы КСРО Халық әртісі Юрий Григорович болып табылатын шығармашылық байқау балет олимпиадасы деп аталады.

– 1989 жылы Гүлжан Түткібаева Мәскеуде өткен Мәскеу халықаралық балет өнері байқауының дипломанты атанды. Одан кейін Юрий Григорьевич қазақ балеринасына диплом табыстап: «Келесі жылы кел, сен лауреат боласың...» деген болатын. Ал Гүлжан бірнеше жылдардан кейін ол жаққа шәкірттерімен барды. Талантты шәкірттері Малика Елчибаева екінші орынмен марапатталды – біріншісі берілмеді, Богдан Вербовой – диплом алды. Осылайша Гүлжан шәкірттері арқылы жеңіске жетті, – дейді Ерулан Қанапьянов.

Кеш барысында Алматы, Мәскеу, Санкт-Петербургтегі әріптестері Гүлжан Түткібаеваның шығармашылық қызметінің мерейтойымен құттықтаған фильм көрсетілді. Олар қазақстандық әріптесінің жоғары кәсібилігін және оның балетке деген адалдығын атап өтті.

– Гүлжан Усамбекқызы бұл өмірде көп нәрсеге қол жеткізді деп санаймын. Атақты театрдың көркемдік жетекшісі болу, бүкіл репертуарды жүргізу, әртістерді таңдау – өте жауапты жұмыс, – деп бөлісті Ресейдің Халық әртісі, Мәскеу мемлекеттік хореография академиясының ректоры, профессор Марина Леонова.

Ол осы жазда Мәскеуде өткен халықаралық байқауда өнер көрсет-

кен Гүлжан Түткібаеваның тәрбиеленушілерінің қарымды қабілеттерін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, Гүлжан Түткібаеваның шәкірттері өздерінің тәлімгеріне лайық екендіктерін дәлелдеген.

– Гүлжанды 1989 жылғы Мәскеу байқауынан білемін. Ол өте жарқын, тамаша өнер көрсетті. Мен ол кезде балет мектебінде оқыдым, оның суреттері біздің мектепте ілулі тұратын. Кейіннен оның Мәскеуде білім алғандығын естідім. Ол біздің мақтанышымыз болатын. Содан кейін мен көптеген конкурстарға бардым, ол да менің мектебімнен болғандықтан, оны қолдадым, – деп атап өтті Николай Цискаридзе.

40 жыл өнерге қызмет еткен Гүлжан Түткібаева 20 жыл бойы сахнада биледі, прима-балерина болды. Гүлжан Түткібаева шығармашылық жолында классикалық балеттің басты рөлдері – Петр Чайковскийдің «Акку көлінде» Одетта-Одилли, Людвиг Минкустың «Дон Кихотында» Китриді, Адольф Адамның аттас балетінде Жизельді, Петр Чайковскийдің «Аврора» және басқа да майорлардағы «Аврораны» биледі. Бірақ балерина үшін тәжі бейнелері Жорж Бизе мен Родион Шедриннің «Кармен сюитасы» бір актілі балетіндегі Кармен, сондай-ақ Борис Асафьевтің «Бахчисарай фонтанындағы» Зарема болды.

Мерейтойлық кеште «Спартак», «Щелкунчик», «Ле Корсар», «Кармен сюита», «Анна Каренина», «Қызыл Жизель» және басқа да қойылмалардың спектакльдерінен үзінділер көрсетілді. 15 көріністің тоғызы дуэт болды. Көрермендер жазда Мәскеуде өткен халықаралық байқауда сәтті өнер көрсеткен Малика Елчибаева, Богдан Вербовой, Ескали Қаскарбайды, сондай-ақ солистер Ариса Хашимото, Гүлбаршын Қасаболат және басқа да Алматы мен Астана балет сахнасының шеберлерін тамашалады.

Гүлжан Түткібаева хореографиялық өнер әлемінде жоғары бағаланғанын, оның сахнасында тек қазақстандық әртістер ғана емес, басқа елдердің өкілдері де билегісі келетінін баса айтты. Жас өнерпаздар өздерін жақсы жағынан көрсетуге тырысатынын атап өтті.

– Технология дамып келеді, жастарымыз өнерлерін шыңдап келеді. Әрине, бұрынғы кездің солистері тамаша болған. Алайда, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігімен көзге түскен өнерпаздар болады және есте сақталады. Біздегі міндет осы сәтті пайдаланып, әр сәттен рахат алу. Өнерпаздарға қошемет көрсетіп, олардың өсіп-өркендеуіне тілекші болу, – дейді Гүлжан Түткібаева.

Хореографтың айтуынша, көрермендер де өнерпаздардың дамуын, оның бейнелерін әр спектакльді тамашалау арқылы біліп, таныса алады.

КЕРЕК ДЕРЕК

НЕ?

«Мұзда сырғанау»

Өтетін орны: «Медеу» мұз айдыны.

Күні мен уақыты: 4 желтоқсан, 10.00-де басталып 21.00-ге дейін.

«МЕДЕУ» мұз айдынына келушілер міндетті:

1. Мұз айдынына қатысушылардың барлығына құрметпен қарауға;
2. Барлық қызметтерді www.medeu.kz ресми сайтында, сондай-ақ ресми серіктестердің ресурстарында тек онлайн төлеуге;
3. Кешеннің мүлкіне және жалға алынған жабдыққа ұқыпты қарауға;
4. Мұз жолында тек сағат тіліне қарсы жүруге.



«Қара қабылан»

Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.

Күні мен уақыты: 5 желтоқсан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

Өндіріс елі: АҚШ.
Режиссері: Райан Куглер.
Басты актерлар: Мартин Фриман, Летиция Райт, Лупита Нионго, Ангела Бассетт.

Жанр: фантастика, экшн, триллер.

Ұзақтығы: 2 сағат, 25 минут.

Жас бойынша шектеу: 12+.



ҚАШАН?

Мұздағы Шығыс ертегісі – «Алладин»!

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Алматы Арена» мұз айдыны.

Өтетін уақыты: 2 желтоқсан, 19.00.

Кешке: Қазақстанның ең үздік мәнерлеп сырғанаушылары алғаш рет мұз шоуына қатысуда!

Ұзақтығы: 1 сағат 45 мин., бір үзіліспен.

Жас шектеуі: 7+, 7 жасқа дейінгі балаларға кіруге тыйым салынады.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.





ДҮЙСЕНБІ 5 ЖЕЛТОҚСАН



Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 87 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кинолуб. «Лестница в небеса» 10-11 серия
17.45 Телехикая. «Жазмыш» 6 серия
18.20 Д/ф. Ала доптың шеберлері 1-бөлім
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 88 серия
21.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Медеуде кездесейік» 1-2 серия
22.10 Мужской сериал. «Агент» 14 серия
23.20 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.20 Басты назарда (қайталау)
0.50 Шешімі бар
2.40 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Көңіл толқыны»
14.10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15.00 AQPAPAT
15.15 «Жан олжа». Арнайы жоба
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Тікелей эфир. (Студиялық бағдарлама.)
20.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. 1/8 ФИНАЛ. Тікелей трансляция «БАУЫРЛАР».
23.00 Телехикая. (с субтитрами)
0.00 AQPAPAT
0.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Тікелей эфир. (Студиялық бағдарлама.)
0.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. 1/8 ФИНАЛ. Тікелей трансляция
3.00 AQPAPAT
3.30 Өнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Өнұраны
5.00 «Қызық times»
6.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»

7.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Тұсаукесер! «Бақыттың кілті»
10.30 Тұсаукесер! «Бір кітап»
10.35 Мультфильм. «Феи. Тайна страны драконов»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Мегахит. «Закон доблести»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Ақ пен қара»
23.00 Телесериал. «Соседи 3»
1.00 ҚР Өнұраны

31-KANAL

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 «Күліп ALL»
08.00 Ризамын
09.00 Т/сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Тұсаукесер! «Бірге бол» телехикаясы
12.30 Мультсериал «Маша и медведь»
13.00 КИНО. Кейт Бекинсейл в фэнтезийном боевике «Другой мир 2. Эволюция» (повтор)
15.30 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Доспехи Бога 2» (повтор)
18.00 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Городской охотник»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Том Круз в боевике «Львы для ягнят»
23.00 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анулама»
01.40 1001 Әзіл
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ПРОСТИТЬ СЕБЯ». Многосерийный фильм
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Олег Андреев в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 15»
0.20 Александра Власова, Юрий Чурсин, Роман Полянский в многосерийном фильме «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ЛЮБОВЬ»
1.15 Ночной кинотеатр. «СПЕЦНАЗ 2»
2.05 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «П@УТИНА» бағдарламасы



7-KANAL

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.20 Х/с «Доктор Надежда»
10.20 Х/с «Триггер»
12.30 Т/п «Келесі кім?»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Саған сенемін»
16.00 Т/п «Гадалка»
16.30 Х/с «Фемида видит»
17.30 Х/с «Доктор Надежда»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Триггер»
21.30 Т/х «Саған сенемін»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Фемида видит»
00.30 Т/п «Гадалка»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.40 Т/х «Япырай»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
08.20 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
09.20 «ГРОЗА НАД ТИХОРЕЧЬЕМ», мелодрама (худ.сериал) (повтор)
13.10 «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АНГЕЛ», детективная мелодрама (худ.сериал) (повтор)
17.00 «УПЁРТЫЙ-2», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
18.50 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ЦВЕТ СТРАСТИ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «НАШ СПЕЦНАЗ», остросюжетный боевик. Премьера! (худ.сериал)
01.10 «ПОСТОРОННЯЯ», мелодрама (худ.фильм) (повтор)
02.40 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
03.25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
04.10-
04.40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Астана) – «Салават Юлаев» (Уфа)
09.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал
11.30 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
11.45 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты.
13.55 FIFA QATAR 2022. Журнал. (10 шығарылым)
14.25 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал
16.40 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы

16.55 FIFA QATAR 2022. Журнал. (9 шығарылым)
17.25 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Дания – Тунис
19.35 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
20.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
20.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
23.05 «Катарға дайындық». Деректі фильм
00.00 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
00.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
00.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
03.00 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
03.10 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.15 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Төп-төтті хикая»
9.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
9.55 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.10 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
10.25 «Еге мен Гага» Мультхикая.
10.50 «Турбозаврлар» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
11.55 «Тентек» ситком.
12.25 Анимация. Отандық / «Ертемір»
12.40 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Төп-төтті хикая»
14.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
14.50 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
15.25 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
15.40 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
16.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
16.30 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
17.30 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.50 Анимация. Отандық / «Бұзығым»

18.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
18.25 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.40 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
20.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
20.30 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
21.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.55 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
23.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
08.50 «Жұлдызбысың»
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11.45 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
13.30 «Время действий» Ток шоу
14.40 «Окно жизни» телесериал
17.00 «Главврач» сериал
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Громовы» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
00.20 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.50 «Громовы» сериал
02.50 «Мариям» телехикаясы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Қышқыл-мысқыл
09.00 Семейный доктор
09.30 Проза параграф
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Қалақай
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-2» – телехикая
17.00 Ой-талқы
17.50 Dara til
18.10 Оңіне
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Төлім trend
19.35 Әжемнің өңгімесі
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Үлкен үй-2» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің Анам, Әкем
23.00 Views



СЕЙСЕНБІ 6 ЖЕЛТОҚСАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Мультфильмдер
8.00 Таңғы студия. Каз/рус
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 88 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб. «Лестница в небеса» 12-13 серия
17.45 Телехикая. «Жазмыш» 7 серия
18.20 Д/ф. Ала доптың шеберлері 2-бөлім
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 89 серия
21.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Медеуде кездесейік» 3-4 серия
22.10 Мужской сериал. «Агент» 15 серия
23.20 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
0.20 Басты назарда (қайталау)
0.50 Шешімі бар
2.40 Өмір иірімі
3.20 Дала сазы
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Көңіл толқыны»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 AQPAPAT
15.15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
15.45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.30 «БЕРЕКЕТ КІЛТІ – БЕЙНЕТ»
20.35 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Тікелей эфир. (Студиялық бағдарлама)
20.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. 1/8 ФИНАЛ. Тікелей трансляция
23.00 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
0.00 AQPAPAT
0.30 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. Тікелей эфир. (Студиялық бағдарлама.)
0.50 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ. FIFA QATAR 2022. 1/8 ФИНАЛ. Тікелей трансляция
3.00 AQPAPAT
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Өнұраны
5.00 «Қызық times»
6.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»

- 7.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «На исполнении»
10.30 Тұсаукесер! «Одна книга»
10.35 Мультфильм. «На край света. В поисках единорога»
12.00 Тұсаукесер! «Мелек»
14.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15.00 Телесериал. «Соседи 3»
17.00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20.00 Тұсаукесер! «Мелек»
22.00 Тұсаукесер! «Ақ пен қара»
23.00 Телесериал. «В чужом краю»
1.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Информбюро (повтор)
08.00 Ризамын
09.00 Т/сериал «Невиновный»
10.40 Мультсериал «Маша и медведь»
11.00 Тұсаукесер! «Бірге бол» телехикаясы
12.30 КИНО. Том Круз в боевике «Львы для ягнят» (повтор)
14.30 КИНО. Джеки Чан в комедийном боевике «Городской охотник» (повтор)
16.45 КИНО. Арнольд Шварценеггер в боевике «Терминатор 2. Судный день»
20.00 Информбюро (рус/каз)
21.00 КИНО. Майкл Фассбендер в историческом боевике «Центурион»
23.30 «31 әзіл»
01.00 Үнді сериалы «Анупама»
01.40 1001 Әзіл
02.00 What's up
02.30 Сериал «Паутина»
03.20 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.55 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11.55 Легендарный сериал «УЧАСТОК»
13.00 Андрей Ильин, Ирина Вальц в многосерийном фильме «СТАРШАЯ ДОЧЬ»
14.00 «НОВОСТИ»
14.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Александр Половцев, Олег Андреев в многосерийном фильме «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ 15»
0.20 Александра Власова, Юрий Чурсин, Роман Полянский в многосерийном фильме «БОЛЬШЕ, ЧЕМ ЛЮБОВЬ»
1.15 Ночной кинотеатр. «СПЕЦНАЗ 2»
2.05 «НОВОСТИ»
2.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.35 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3.20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.50 «П@УТИНА» бағдарламасы



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.20 Х/с «Доктор Надежда»
10.20 Х/с «Триггер»
12.30 Т/п «Келесі кім?»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Саған сенемін»
16.00 Т/п «Гадалка»
16.30 Х/с «Фемида видит»
17.30 Х/с «Доктор Надежда»
18.30 Aibat
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Триггер»
21.30 Т/х «Саған сенемін»
22.30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
23.30 Т/х «Фемида видит»
00.30 Т/п «Гадалка»
01.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03.00 Jaidarman
04.40 Т/х «Япырай»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
08.40 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 «БЫЛО ДЕЛО». Премьера!
12.00 «НАШ СПЕЦНАЗ», остросюжетный боевик (повтор) (худ.сериал)
13.50 «ЦВЕТ СТРАСТИ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
16.00 «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ», криминальная мелодрама (худ.сериал)
17.00 «УПЕРТЫЙ-2», остросюжетный детектив. Премьера! (худ.сериал)
18.20 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ЦВЕТ СТРАСТИ», мелодрама. Премьера! (худ.сериал)
23.40 «НАШ СПЕЦНАЗ», остросюжетный боевик. Премьера! (худ.сериал)
01.15 «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ», криминальная мелодрама (повтор) (худ.сериал)
02.00 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
02.45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
04.00-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тараз» – «Тұран»
09.10 FIFA QATAR 2022. Журнал. (11 шығарылым)
09.40 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал
11.50 FIFA QATAR 2022.

- 1/8 финал матчының шолуы
12.05 «SPORT REVIEW». Апталық-сараптамалық бағдарламасы
12.45 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Мексика – Польша
14.55 FIFA QATAR 2022. Журнал. (12 шығарылым)
15.25 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал
17.35 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
17.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. Марокко – Хорватия
20.00 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
20.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
20.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
23.05 «Катарға саяхат». Деректі фильм
00.00 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
00.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Превью матча. Студийная программа. Прямой эфир
00.50 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/8 финал. Тікелей эфир
02.50 FIFA QATAR 2022. 1/8 финал матчының шолуы
03.05 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.15 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
7.45 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
8.10 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
9.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
9.25 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
9.55 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
10.10 «Miss Kaussar» танымдық бағдарлама
10.20 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
10.25 «Еге мен Гага» Мультхикая.
10.50 «Турбозаврлар» Мультхикая.
11.05 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
11.15 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
11.55 «Тентек» ситком.
12.25 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Жібек»
12.40 «Табиғат таңғажайыптары» танымдық бағдарлама.
12.45 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
13.30 «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.35 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
14.00 «Үйрен де, жирен!» танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық / «Ырысты ыдыстар»
14.40 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
14.50 Анимация. «Қызықты энциклопедия»
15.25 «Дуда мен Дада» Мультхикая.
15.40 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
16.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.

- 16.30 Анимация. Отандық / «Балапан және оның достары»
17.05 «Сақшы арыстан» Мультхикая.
17.30 «Тәуекел» спорттық бағдарлама
17.50 Анимация. Отандық / «Ер Тарғын»
18.15 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
18.25 «Еге мен Гага» Мультхикая.
18.50 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
19.15 «Турбозаврлар» Мультхикая.
19.30 Анимация. Отандық / «Алан мен Қозықа»
19.40 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
20.00 «100% ҚАСҚЫР» Мультхикая.
20.30 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
20.55 Анимация. Отандық / «Қызықты энциклопедия»
21.35 «Саммер мен Тодд. Көңілді фермерлер» Мультхикая.
21.55 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
22.25 «Сықырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.
23.05 «Горм сақшылары» Мультхикая.
23.30 Анимация. Отандық / «Айдар»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

- 07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
11.45 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
13.30 «Айтарым бар» Ток шоу
17.00 «Главврач» сериал
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.00 «Громовы» сериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
00.20 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.50 «Громовы» сериал
02.50 «Мариям» телехикаясы



TALIMTV

- 07.00 Syrym story
07.40 Рухани байлық

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBASЫ», ток-шоу
07.50 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ҰЛЫТАУ», деректі фильм. Тұсаукесер!
11.40 «ХОЛОДНЫЕ БЕРЕГА», мелодрама (повтор)
16.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (худ.сериал)
17.00 «НИКОГДА НЕ СДАВАИСЯ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ТОМУ, ЧТО БЫЛО – НЕ БЫВАТЬ», мелодрама. Премьера! (худ.фильм)
23.50 «ЮМОРИНА», шоу-программа (повтор)
02.10 «ТОҒЖАН», отандық телехикаясы. С субтитрами на русском
03.00 «OZAT OTBASЫ» (қайталау)
03.50-
04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТЗАЛ. Қазақстан Чемпионаты. 9 тур. «Астана» – «Ақтөбе»
08.40 FIFA QATAR 2022. Бельгия – Марокко матчның шолуы
08.55 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/4 финал
11.00 «Катарға саяхат». Деректі фильм
11.55 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты.
14.05 FIFA QATAR 2022. 1/4 финал матчның шолуы
14.25 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты.
16.35 FIFA QATAR 2022. 1/4 финал матчның шолуы
16.55 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/4 финал
19.05 FIFA QATAR 2022. 1/4 финал матчның шолуы
19.20 ФУТБОЛ. FIFA QATAR 2022. Әлем Чемпионаты. 1/4 финал
21.30 FIFA QATAR 2022. 1/4 финал матчның шолуы
21.45 MMA. OCTAGON 37
02.25 FIFA QATAR 2022. Журнал. (22 шығарылым)
02.50 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық / «Көжектер»
8.30 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама
8.55 «Қос алқа» музыкалық-танымдық бағдарлама
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15 «Расулдың хикаялары» ситком
9.30 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»

10.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
10.15 «Үйшіктер» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бәйгесі» оқу-танымдық бағдарлама
11.20 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Менің елім»
11.55 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
12.20 «Үздік қойылым» телехикая.
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.25 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
15.00 «Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10 Анимация. Отандық / «Күшік»
15.15 Анимация. Отандық / «Сәби»
15.30 «Супер әке» Мультхикая.
15.55 «Күмбір live» танымдық бағдарлама.
16.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
16.25 «А4» ситком.
16.55 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.05 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық / «Жібек»
17.30 Анимация. Отандық / «Әл-Фараби»
17.40 «Расулдың хикаялары» ситком
18.10 Анимация. Отандық / «Менің елім»
18.20 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.35 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
18.45 «Үйшіктер» Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық / «Еркетай»
19.35 Анимация. Отандық / «Сәби»
19.50 Анимация. Отандық / «Көжектер»
20.10 «А4» ситком.
20.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
20.55 Анимация. Отандық / «Сиқырлы тас»
21.15 «Көңілді жексенбі» отбасылық бағдарлама

21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
22.25 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.05 «Үздік қойылым» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Жұлдыздар айтысады»
15.00 «Құрак» телехикаясы
18.50 «Джентельмены удачи» Худ. фильм
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.45 «Айнурдың арманы» телехикаясы
02.30 «Көру керек!» бағдарламасы



TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс.
Алтын қор
09.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 Фибратты ғұмырлар
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.15 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 ТамашаLike
16.00 Шабдалы – көркем фильм
17.50 Қышқыл-мысқыл
18.10 Дос – Таласфильм
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Пруст сауалнамасы
20.00 «Бір дубль»
21.40 Бақытты отбасы
22.00 Руханият
22.30 Балалық шаққа саяхат
23.00 Views



«Junior Eurovision Song Contest «Yerevan – 2022». «Хабар» арнасы. Сағат 21.00-де.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

СУДЫ ЫСЫРАП ЕТУДІҢ СОҢЫ НЕ БОЛМАҚ?



Айнұр
СЕНБАЕВА

Кейінгі кезде табиғи ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға жанашырлық таныту туралы тақырып жиі қозғалады ғой. Бірақ біздің қоғам таза судан шын таршылық көрмегеннен болар, үнемдеу туралы ойланбайтын да секілді. Өткенде әлеуметтік желіні шолып отырып, бір блогердің 2 жастағы баласына тіс жууды үйретіп жатқанын көзім шалды. Суды ағызып қойып, щетка ұстауды, оған паста жағуды үйретті, арасында баласы әлгі щетканы қолынан түсіріп алды. Осы әрекеттер қанша минутқа созылғаны кім білсін, сол аралықта су сарылдап ағып тұрды. Мыңдаған оқырманы бар блогерге «суды

ысырап етпеңізші» деп пікір қалдырдым. Ол менің жазған пікіріме назар аударма, жоқ па, кім білсін, бірақ көріп тұрып ескертпей кетуге де дәтің шыдамайды.

Су – тіршілік нәрі. Сусыз күніміз қараң. Қазақстан әлемдегі басқа елдермен салыстырғанда суды көп қолданатынын ескерсек, өмір нәрі ресурстарын бей-берекет ысырап ету тоқтамаса, болашақта су тапшылығына ұшырауымыз әбден мүмкін. Өйткені, қазіргі кездегі үлкен мәселе – дүние жүзіндегі су тапшылығы. Егер суды үнемдеуді үйренбесек, соңы жақсылыққа алып келмесі анық.

Күллі әлемнің жаратушысы Алла Тағала да ысырапшылықты сүймейді. Құранда: «...Ішіндер, жеңдер, бірақ ысырап қылмандар, шындығында Алла Тағала ысырап қылушыларды сүймейді» деп, берілген нығметті



қалауымызша тұтынуымызды, бірақ ысырап жасамауымызды ескертсе, Пайғамбарымыз: «Жеңдер, ішіндер, садақа беріңдер және киініңдер, бірақ ысырапшылық пен даңдай-суға жол бермеңдер», – дейді.

«Ысырап» сөзінің тілдік мағынасы, дүние-мүлкінді, керек-жарағынды орынсыз шашу, артық шығынға жол беру, мөлшерден артық ішіп-жеу, уақытынды дұрыс қолданбау, Алла Тағаланың сыйлаған әрбір нығметін өз орнымен қолданбау дегенді білдіреді. Ысырапқа бармау үшін үнемшіл болу қажет. Үнемшілдік – шүкіршіліктің белгісі. Үнемшіл адам Алланың берген нығметтерінің қадірін біледі.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

- 3 минут бойы ашық тұрған краннан 36 литр су ағып кетеді.
- Бір адам шомылғанда кемінде 180–270 литр су пайдаланады.
- Кранды ашып, қол жуғанда 1 минутта 12 литрдай су ағады.
- Тіс тазалағанда су үнемі ашық тұрса, 30 секундта 6 литр су қолданылады, адам кемінде 3 минуттай тазалайды.
- Шапты сабындаған кезде суды өшіріп қойсаңыз, 40 литр су үнемдеуге болады.
- Бір адамға белгіленген суды пайдаланудың айлық нормасы – 330 литр.
- Егер көкөністер мен жемістерді ыдысқа салып жусаңыз, 20 литр су шығындайсыз, ал кранды ашып жуғанда 110 литр су шығындалады.
- Суды үнемдеу үшін құбырлардан судың тамшыламауын қадағалап отырған жөн.
- Көлікті шелекке су құйып жусаңыз, 30 литр су жұмсайсыз, ал егер илангтан аққан сумен жусаңыз, 240 литр су далаға кетеді.

РЕСМИ БӨЛІМ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-гі «Алматы жылу жүйесі жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, тарату және 2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясымен жабдықтауға тарифтері мен тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы №01-НҚ бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай тарифтер енгізілетінін хабарлайды:

Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге арналған тариф (жылу энергиясын өндіруге арналған тарифті есепке алмағанда) ҚҚС-пен 2 732,31 теңге/Гкал құрайды.

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері

(ҚҚС-мен)

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2023 ж.
1	Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	5 520,48
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	6 624,58
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	4 856,79
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	5 520,48
2	Өзге де тұлғаларға арналған тариф	Теңге/Гкал	9 359,90
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	12 167,87
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	6 809,45
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	6 348,55
3	Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	24 295,60
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	24 023,52
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	36 443,41

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2023 ж.
1	2	3	4
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 500,99
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	714,76
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	857,71
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 715,41
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	436,86

II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 247,11
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	593,86
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	712,63
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 425,27
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	403,74
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	34,25
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	158,13
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	215,03
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	237,62
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	200,20
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	160,57
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	7,75

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2023 ж.
1	2	3	5
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 289,42
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	614,01
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	736,81
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 473,62
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	376,13
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1 077,84
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	513,26
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	615,91
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 231,82
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	348,53
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	28,54
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	131,78
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	179,20
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	198,02
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	166,82
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	133,82
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	6,46



ЗЕРДЕ

Қойшығара
САЛҒАРА:

Біздің өмір жолымыз сан қилы болды. Түрлі кезеңді бастан өткердік. Жоғары оқуды аяқтағаннан кейін Торғай өңірінде тілшілік қызмет атқардым. Талай жүлде алып үлгердім. Ал Алматыға келсем, бұрын бірге оқыған жора-жолдастарымның алды екі роман жазып, кіл мықтыға айналыпты. Міне, осыдан бастап 6 жыл тынбадым. Жұрт кешкі сағат 6.00-де үйіне қайтады. Сол кезде асханадан ас-ауқатымды ішемін. Сөйтіп, Ұлттық кітапханада және т.б. кітапханаларда отырдым. Ол уақытта дәп бүгінгідей ғаламтор жоқ-тұғын. Алдын ала барып тапсырыс бересіз, содан кейін әзір болатын. Бірде Сәбит Мұқановтың ұлы Мұратты кезіктірдім. Ойланyp жүрген кезім болатын. Байқамай жанынан өте шықсам керек-ті. Өзі дауыстап тоқтатты. Әңгімелесе келе, барынша ақтарылдым. Ол маған Қытай туралы жазуға кеңес берді. Ол кісінің айтуына қарағанда, Хан империясының тұсында Мөде деген билеуші болған екен. Сонда «жер мемлекеттің иелігі» деген сөйлем бар екендігін айтты. Осыдан бастап сол тақырыпқа аңсарым ауды.

ТАРИХТЫ ҚАЙТА
ЖАЗУ КЕРЕК

53 жыл осы салаға бет бұрып айналысудамын. Содан байқағаным, адамзат тарихы дұрыс жазылмаған екен. Алғашқы қауымдық кезеңде күш мықты болған. Одан кейін ақыл алға шыққан. Сол ақыл билікке барған. Бүкіл шежіре жеңімпаздардың ығымен жазылған. Жеңілгендер туралы дерек қалмаған. Осы күні дәріптеп жүрген адамдарымыздың бәрі өзге елді жаулаған жауыздар. Македонский, Цезарь, Ұлы Карлды айтсаңыз да бір-бірінен айырмашылық жоқ. Бұлар жаулап алғандарын надан көріп, жамандап жазған. Біздің көшпелілерді де жабайы деп келді. Негізінен, олай емес. Мұның өзі бізді нашар көрсетудің бір тәсілі болды. Дегенмен, бүгінгі кезде бәрі ашылып, қайта зерттеле бастады.

Осы күні біздің оқып жүрген тарихымыз жеңімпаздардың, отырықшылардың қолымен жазылды. Көбіне Еуропа ғалымдары жазды. Олардың қалай жазғандығы айтпаса да түсінікті. Адам адам болғалы мал шаруашылығымен айналысып келеді. Оның ішінде көшпелілер бұның түбегейлі қыр-сырын меңгерген.

ҚАЗАҚ АДАМГЕРШІЛІКТІ
ТҮСІНГЕН ХАЛЫҚ

Қазақ халқының адамгершілік биігінен түспегеніне ризамын. Халқымыз әр ісін ел-жұртқа пайдалы қылып, ұятқа қалмайтындай істейді. Кешегі отаршылдану заманы әбден сіңісіп қалды. Соның әсерінен әлгі айтқан қасиеттерімізден ада болдық. Тек тапсырманы қарсылықсыз орындауға көштік. Кеңестік жүйе келмесе кетсе де, соның салдары әлі бар. Бұның

«Тарихын түгендеп, одан тағылым ала білген елдің тамыры берік болады».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АДАМЗАТТЫҢ АТА ТІЛІ

Қазақ халқының мәдениеті ғажап. Оның ішіне тереңдей берсеңіз, талай сырлар мүлгіп жатыр. Ары барсаңыз, түркі кезеңіне бойлайсыз. Негізі, алғашқы тіршіліктің пайда болуы, адамзаттың шығу тегі, тілі, ым-ишарасының қандай болғандығы көпке беймәлімдеу. Сондықтан тарихты, көне шежірені білу мақсатында жазушы, тарихшы әрі көрнекті ғалым Қойшығара САЛҒАРАНЫҢ ой-пікірлерімен таныстыруды жөн көрдік.



ТАҢДАНЫС

Біз бір нәрсені білгеніміз абзал. Адам-Ата, Хауа-Анадан тарайық, Дарвин айтқандай маймылдан шығайық, бірақ, тіл бірден шықпаған. Жаланап күйінде жүргенде алғашқыда дыбыспен сөйлескен. Мұның қанша уақытқа созылғаны беймәлім. Содан соң ыммен байланысқан. Біртіндеп сөзге ұласқан. Әр сөз бір ұғымды білдірген. Мәселен, «аң», «адам», «ат» деген сияқты. Сөз заңдылықтарын меңгеріп, осы әлемге кірген жан үшін барлығы ұғынықты көрінеді. Ахаңның Торғайдың 2 сыныбын тәмамдап, артынша Орынборда мұғалімдік семинариясын бітіріп, қазақ тіл білімінің, әдебиетінің, мәдениетінің негізін қалауы жай емес. Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың қара сөзінің қадірін бойына сіңіріп өсті. Сол құндылықпен ғылымға кірді. Сөйтіп, ұлт ұстазы атанды.

Көбіміз сөзді білеміз. Оны қолданамыз. Алайда, қалай шыққандығын, түпкі мағынасы не екендігін біле бермейміз. Ғылымға барушы жастардың санасы оянса деген ниеттеміз. Сана түзелмей, ешкім ешнәрсе өзгерте алмайды. Зерттей келе,



бізді таңдандырған дүние болды. Ол – сана. Бұның сырын философтардан сұрадым. Олар маған күле қарады. Орысшаға салғанда ақылды – ум, есті – память дейміз. Филологтан сұрасам да осыны айтты. Сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің тек адамға ғана берілген ең жоғарғы формасы. Қазіргі қолданып жүрген терминдеріміз Еуропаның бөлшектеп берген терминдерінің түсіндірмесі. Бұл қазақтың түсінігі емес.

Ел арасында «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» дейді. Бүгінде лекция, баяндама оқысаң да, тоқтата алмайсыз. Адамзат туа сала біреуі ағылшынша, екіншісі немісше сөйлеген жоқ қой. Алғашқыда тіл біреу болды ғой. Ол тіл қай тіл? Бұл – түркі тілі еді. Әлемдегі көптеген халықтардың қолданып жүрген этимологиясының түбірі түркілердің тіліне жақын келеді. Мәселен, Египетті алайық. Нилдің екі жағында қоныстанғандарды екі бет деп атаған екен. Герадоттың «Царь степей» дегені «сарылар» деген сөзден шығады екен. Көне қыпшақтардың төрт құбыла деп атауы тектен-тек емес. Жалпы, зерттей берсеңіз, тереңдеп өз тарихыңызға ризалық білдіресіз.

Түріктің көне тілінде Ра – күн, Ио – ай екен. Адамзат құралғандағы бірінші тайпалар бірлестігі – Ас. Ай мен күнге табынатындардың бәрі астардан шыққан көрінеді. Олар өздерін әрі патша хәм Құдай санаған. Сонымен қатар, айдың ағасы және інісі деген де ұғым болған. Ас тайпасы пайда болғанда аспанда Ай жоктығын мәлімдеген. Мұндай мифология гректерде, Гомер жазбаларында кездеседі. Мұндай ойлар көшпелілерде де бар. Ертеде күнді аналық, айды аталық деп түсінген. Осының түгелін Томсен өз еңбегінде жайып салады. Ерте кезде тоғыз жолдың торабына әйелдер жиналып, Айға қолын созыпты. Сөйтіп, «Кел ай» дейді. Мұның мәнін түсінбеген кейбір зерттеушілер мұң айтып тұр деп топшылаған. Шын мәнінде бала көтере алмаған әйелдер ай туғанда солай істепті. Кейіннен сыры ашылып «Кел ай» деген патша болғанын білдік.

Бір нәрсені ұғайық. Күллі адамзаттың бастау тілі бір. Оның ішінде ең көп қолданысқа енген сөздердің түп атасы түрік тілімен үндеседі. Олар кейіннен тармақталып кетті. Осылайша жергілікті жеріне байланысты жаңа сөздер шыға бастады. Сөйтіп, тілдер дамыды дегенді айтқымыз келеді.

ТҮЙІН:

Жастарға өсиетіміз бар. Ғылымды бір кісі жасағаннан, бірлесіп, әр сала бойынша дамытқан дұрыс. Сонда ғана ғылымда өркендеу болады. Әсіресе, көшпелілердің тарихын біліп, ұлттық құндылыққа сусындап өскен баладан көп нәрсе шығады. Біздің тарихымыз, руханиятымыз бен мәдениетіміз өте бай. Мұны зерделеудің дұрыс бағытына енді түскендейміз. Осы ойларымыз болашақ зерттеушілерге қадау-қадау ой салса, бір істі тындырған болар едік.

Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітістің иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА
153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ
50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жөңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр


Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жөңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



КОНКУРС

КСРО Халық әртісі Ермек Серкебаевқа орнатылатын ескерткіштің ең үздік жобасына ашық байқаудың БАҒДАРЛАМАСЫ және ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаты

Көрнекті опера және камералық әнші, актер, педагог, КСРО халық әртісі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаевтың ескерткішінің монументалды-көркемдік тұрғысынан ең жақсысын анықтау мақсатында – Қазақстан Республикасында салынып жатқан ескерткіштер мен ескерткіштер жөніндегі мемлекеттік комиссияның қаралымына ұсынып, шешім шығару.

2. Байқау бағдарламасы

Ермек Серкебаевқа арналған ескерткіштің көркемдік бейнесі – қазақ вокалдық орындаушысының теңдессіз таланты мен таңғажайып дауысын, оның әртістігін, мінсіз шеберлігін және жоғары орындаушылық мәдениетін көрсетуі шарт. Сонымен қатар, ескерткіш – Ермек Серкебаевтың сирек кездесетін адами қасиеттерін, даладай дарқандығы мен қарапайым жан сұлулығын таныту қажет.

Ескерткіш композициясы қолданыстағы сәулет және қала құрылысы ортасына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

Жобаны жасағанда мықты материалдар (мәрмәр, гранит, қола, т.с.с.) қолданылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 83.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2022 жылғы 1 желтоқсаннан 2023 жылғы 1 ақпанға дейін. 2023 жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 А, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №305 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурста ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. «Times New Roman» қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада ескерткіштің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурста жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
3. Ескерткіштің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
4. Түсіндірме жазба.

Жобалар өлшемі 60x80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 272-01-38 телефоны бойынша алуға болады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 тенге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 тенге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі Халықаралық бизнес академиясы колледжінің директоры, Ардагерлер кеңесінің мүшесі Альфия Анварқызы Хисматуллинаға жұбайы

Ералы НҰРҚАСЫМОВТЫҢ

кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті аудан тұрғындары!

2022 жылғы 6 желтоқсан күні сағат 11.00-де Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 76 мекенжайдағы «Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназия» КММ-де Алматы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

**Балалар
жылы
2022****БІЗ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІМІЗ!****Рая
ЕСКЕНДІР**

Биылғы Балалар жылының табысы біз күткеннен де асып түскендей. Мерекелі жыл аясында «Алматы дарыны» орталығы жас білімгерлердің басын қосып, зор қолдау көрсетті. Бұл күні қала мектептерінің 8–11-сыныптарында оқитын оқушылар өздерінің ғылыми жұмыстарын қорғап шықты. Жас зерттеушілердің жан-жақты ізденіп, терең зерттеген жобалары өз бағасын алды.



Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық жобаларды зерттеу байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Оқушылар сарайында өтті. Ғылыми жобаның жеңімпаздары мен жүлдегерлері Білім басқармасының дипломымен марапатталып, Қ.Сәтбаев атындағы ҰТЗУ мен «Тұран» университеттерінің ректорлары тағайындаған гранттарға ие болды.

Дарынды жас Айым Төрехан қаламыздағы Б.Алтынсарин атындағы №159 гимназияның 11-сыныбында оқиды. Ол «Тіл білімі» секциясы бойынша жеңімпаз атанып, оның зерттеу жұмысы 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. Сондай-ақ, бұл күні қаламыздағы үздік білім мекемелерінің еңбектері де ескерусіз қалмады. Олар ғылыми жобаның арнайы аталымдарына ие болды.

Сонымен, «Үздік жалпы білім беретін мектеп–2022» аталымына Алағатау ауданындағы №181 жалпы білім беретін мектеп, «Үздік гимназия–2022» аталымына Алмалы ауданындағы №15 гимназия мен Медеу ауданындағы №159 гимназия, «Үздік лицей» аталымына Алмалы ауданындағы №24 лицей, «Үздік мамандандырылған мектеп» аталымына Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия, «Үздік аудан» аталымына Медеу ауданы ие болды.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АҢЫРАҒАН ЖЕЛІ, АЗЫНАҒАН БОРАНЫ БАР

**желтоқсан айы басталды. Бұл айда ақырып келетін,
қарлы-боранын шақырып келетін «Ақырап» амалы бар****Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Алдында ғана – қарашаның соңғы аптасында әсем Алматыда келеңсіз көріністер бой көрсетті. Жаңбыр жауып, соңы қар мен көк-тайғаққа ұласып, жұлқынған талай «темір тұлпарды» тізгіндеп, сабасына түсірді.

Еліміздің өзге өңірлерінде, әсіресе, шығысы мен солтүстігінде ұйытқыған боранның салдарынан орын алған жағдайлар жан түршіктірді. Осындай болатынын қазекен табиғат амалдары арқылы күн ілгері біліп, қамданап, қымтанып, сақтанып отырған.

«Ай көрдік, аман көрдік!» демекші, жаңа ай туды, кеудесі көтеріңкі, тым шалқақ та емес, тікелей те тұрған жоқ. Бұл апталық ауа райында көп өзгеріс болмайтынын аңғартқандай. Иә, Желді айы желпініп, алай-дүлей дауылын, қар аралас жаңбырын ала келмеді. Қарашаның қарлы, желді ызғарын өзіне қалдырды. Аяз күрт сынып, желдің екпіні басылып шыға келді.

Ең даланы кең жайлаған атам қазақ жылды тіршілік қамына байланысты бір-біріне қарсы екі маусымға – алты ай қыс пен алты ай жазға бөлгенімен, табиғи белгілеріне қарап төртке жіктегені мәлім: жазғытұрым (көктем), жаз, күз, қыс. Жер жаңғырып, жыл басталатын жазғытұрғы маусым қазақтарда Жылтоқсан деп аталған. Ал өзге маусымдар ретімен әр тоқсанына сәйкес – Жазтоқсан, Күзтоқсан аталғанын зерттеушілер жазып жүр. Қыстың ызғарлы суық мезгілі – үш айды (желді, қаңтар, ақпан) бір тоқсанға біріктіріп, Желтоқсан деп атаған. Міне, жылдың соңын қорытындылайтын, суық, желді айлардың жаршысы Желтоқсан бүгін басталды.

Желтоқсан амалы көп, жел мен ызғарға толы ай. «Қырбастың қызылы», «Ақырап», «Теке бұрқыл», «Киіктің матауы», «Сірне», «Аю жатқан» амалдары осы айдың

**БАБАЛАР БОЛЖАМЫ****Ай қозғалысына қарап жасалған жорамал:**

- Айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ туса, онда сол ай жауын-шашынды, желді болады.
- Ай туғанда бұрынғысынан үлкендеу көрінсе, сәулесі қызғылт болса, жауынның белгісі.
- Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатындығын, ашық болса шуақты болатындығын білдіреді.

еншісінде. Бұларға қосымша – 22 желтоқсанда ең қысқа күн орын алады. Есесіне ертесінен бастап күн ұзара бастайды. Бабаларымыздың «Күн жеңді!», «Өрісіміз кеңейеді!», «Малымыз тойынады!» деп ағаштарға мата байлап атойлаған кезі сол уақыт. Яғни шырша мерекесі. Осыны көрген, естіген көрші-қоландар алаулатып, жалаулатып, оған өзгеше рең беріп, атау қойып «Жаңа жыл» деп тойлап жүр. Бұл туралы ұлтымыздың жанашыр басылымы «Алматы ақшамы» соңғы оншақты жылдан бері үздіксіз жазып келеді. Уақыт еншісіндегі нәрсе ғой, түбі шешімін табар деген үмітіміз зор...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, Желді айының – 1-і. Ай жүйесіне сүйенсек, жаңа айдың – 6-шы көрінісі. Ескіше есеп енді 8 күннен кейін ай басталатынын көрсетіп тұр.

Алда «ақырып келетін, қарлы боранын шақырып келетін» Ақырап амалы келе жатыр. Бұл амал осы желді айының 15-іне дейін созылады. Пайым бойынша, байтақ жеріміздің бәрінде жел-боран, ызғар мен аяз күшіне енетін кез. Алдағы аптаның ауа райы аса жайсыз бола қоймаса керек. Дегенмен, Алматыда бет үсіп, құлақ түсіп қалатындай аяз немесе боран болмағанымен, бір күн қар, бір күн жаңбыр алмасып отыратын сыңайлы...

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҚҰРТТЫҢ ҚҰРАМЫ КҮМӘНДІ



Қала көшелерінің әр бұрышында ұсақ-түйегін жайып салып, жабайы саудамен айналысатындар әлі де азаймай тұр. Осындай саудагерлердің негізгі сатып алушылары – бала-шаға, студенттер. Әсіресе, оқушылар көшеде сатылатын құртты алуға құмар.

**Айнұр
СЕНБАЕВА**

Жақында әлеуметтік желілерде көшеде сатылатын құрттың құрамына гипс қосылатыны жайлы ақпарат тарады. Мұндай ақпараттың тарауы тегін емес.

Өйткені, түрлі формада жасалған аппақ құрттардың дәмі үй құртынан өзгеше. Тараған ақпаратқа сенсек, тек қалтасының қамын ғана ойлайтын кейбір саудагерлер құрт деп, гипс қосылған у сатып жүрген көрінеді. Желіде базарлардағы құрт құрамында кәдімгі сылақ ретінде пайдаланатын құрылыс материалы гипс бар екені айтылады. «Саудагерлер кәдімгі айранға тұзды көп салып, кішкене қайнатады да сүзіп алып, артынша қоюлату үшін және тез кептіру үшін ақ гипс араластырады. Мұндай құрттың сыртын ұстасаңыз, қолыңызға ақ бор болып жұғып тұрады. Адам организміне түскен гипс ішкі ағзаларды улап, уақыт өте келе түрлі ауруларға ұшыратады», делінген хабарламада.

Сонымен қатар, қолдың сары майы деп сатылып жатқан өнімдерден де сак болу қажеттілігі айтылған. «Сары майға маргарин қосады. Сабадағы қорға не іркітке маргарин майын молырақ салып, азырақ піседі. Сосын қайта алып шығып, іркітін толық арылтпай (табиғи екен десін деп), таза сары майды қосып көбейтіп сатады. Ондай сары майдың түсі бір жерінде ақшыл, бір жерінде сарғыш болып құбылып тұрады. Яғни толық араласып кетуі қиын. Осыдан анықтауға болады» делінген. Мұндай ақпараттың таралуына себеп болып отырған жайттарды, жабайы саудамен айналысатын саудагерлерді тиісті органдар тексерсе дұрыс болар еді.